



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№19 (331) 16-23 мамыр 2015 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Газет 2006 жылдан шығады)

Бағасы келісімді

Облыс жаңалығы



ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДА ФУТБОЛ АКАДЕМИЯСЫ САЛЫНБАҚ

Металлургтер Мәдениет үйінде Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов аймақтың спорт саласындағы активімен кездесті, деп хабарлады sports.kz.

Кездесу барысында облыс әкімі Өскемен қаласында неміс немесе испан моделі бойынша футбол академиясы салынатынын мәлімдеді.

Облыс әкімінің айтуынша, академия құрылысына шетелдік мамандар басшылық етеді. Ал жергілікті бапкерлер шетелдік мамандардан білімі мен тәжірибесін жетілдірмек.

ШҚО-ның негізгі футбол командасы «Алтай» деп аталып, Семейде орналасатын болады.

Ұлы Абайдың 170 жылдық мерейтойы биылғы жылдың айшықты мерекесіне айналары анық. Айтулы шаралар тізбегі қазіргі күннің өзінде қызу басталып кетті. Ал олардың қатарында мектеп оқушылары арасында өтетін XVI республикалық Абай, Шәкәрім оқуларының алар мәртебесі қашан да биік. Жуырда Жидебайдағы жыр бәйгесіне жолдама алған ұлылар елінің өрендері де іріктеуден өтіп, аудан намысын қорғайтын дарын иелерінің есімдері анықталды.

Әуелі аймақтық кезеңде бақ сынап, одан кейін аудандық кезеңде шеберлік сынасқан оқушылар биылғы Абай, Шәкәрім оқуларына үлкен дайындықпен келгендерін көрсетті. Әсіресе, хакім жырларын мәнерлеп оқу бөлімі бойынша, бастауыш сынып оқушыларының белсенділік танытқаны дәстүрлі шараның маңызын тіптен айшықтай түсті. Айтар болсақ, өз тобында үздік өнер көрсетіп, III орын иегері атанған Мамай негізгі орта мектебінің 3-ші сынып оқушысы Карчалова Маржан жас ерекшелігіне қарамай 70-тен аса өлеңді жаттап келсе, II орын иегері Көкбай орта мектебінің 3-ші сынып оқушысы Нұртасұлы Заңғар хакімнің «Ескендір» поэмасын мүддірестен оқып шығып, көрермен көзайымына айналды. II орын иеленген Әуезов орта мектебінен келген қатысушы Амангелдінова Аружан өлеңді оқу мәнерімен дараланды. Ал, I орын иегері атанған Шәкәрім орта мектебінің 10 сынып оқушысы Дінслиямова Аружан 200-ден астам өлең жаттап келіп, мерейі үстем болды. Республикалық бәсекеде өнер көрсететін Аружан ендігі аралықта аудан үмітін арқаламақ.

«Көңілім әнді ұғады» деп аталатын екінші бөлім бойынша, ордалық Қабылқожа Еркемай «Бұл ән

Дәстүрлі Абай оқулары

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ



бұрынғы әннен өзгере» әнін орындап III орынға табын тіресе, II орын тұғырынан Қасқабұлақ ауылдық округінен келген Болатқазы Мұхит пен Әділбекова Жанерке көрінді. Айта кететін бір жайт, Әуезов орта мектебінің 7 сынып оқушысы күміс көмей әнші Ж.Елебековтің нұсқасындағы «Көзімнің қарасы» әнін нақышына келтіре орындап, жоғарғы ұпайға ие болды. Ол I-ші орынға пара-пар өнер көрсетті. Десекте, әділ-қазылар шешімі бойынша, республикалық додаға Абай мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Орынжанова Акберен лайық деп танылды.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» аталатын үшінші бөлімде оқушылардың жеке шығармашылығы сараланды. Аудандық кезеңге дайындалып келген жас ақындар биылғы жылдың айтулы даталары - Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы сияқты тақырыптарды кеңінен қамтығандарын көрсете алды.

«Кей жырдың айғайлаған күші басым, Кей жырдың сырты Абай, іші Қасым. Өлеңнің көптігіне қуанасың, Ақынның аздығына қысыласың» - деп ақын ағалар жырлағанындай, поэзия кеші

барысында лирикалық тақырыптар да, оқушылардың ой-толғамдары да, элегия жанрындағы өлеңдер де көптеп оқылды. Мәселен, медеулік Ақтайлақ Нарғиздің кеше ғана дүниеден озған жас ақын Дулат Аюбаевқа арнаған жыр жолдары көрермен көпшілікті тебіртпей қоймады.

Бөлім қорытындысы бойынша, Әуезов орта мектебінің 7 сынып оқушысы, өткір мінезді жас ақын Айтмұхаметов Әділет пен Қарауыл гимназиясының 8 сынып оқушысы, сыршылы лирика иесі Садырбекова Диана жүлделі III орынды иеленіп, Абай мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы, кесек ойды өлеңіне арқау еткен жас ақын Саметова Хамиде II орын бұйырды. Ал, Қарауыл гимназиясының 10 сынып оқушысы Оралқызы Зарина жыр кешінің жүйрігі болып, I орын иегері атанды. Зарина алдағы уақытта республикалық додаға ауданның үкілеген үміті болып қатыспақ.

Талаптарын ұштап, қанаттарын қосып, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сынды хакімнің өзі өсиет еткен қасиеттерді бойларына қалыптастырып келе жатқан жас дарындарға алдағы күзде болатын Абай, Шәкәрім оқуларында сәттілік тілейміз! Ақжол болсын!

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

Жаңа жоба

ЕНДІ БІЗ ҒАЛАМТОРДАМЫЗ

Ауданымыз бойынша бірден бір ақпарат көзі «Абай елі» газеті. Сондықтан да өзіндік көтерер жүгі бар. Толассыз нөмірлеріне өңір тынысы арқау болған басылым үшін жуырда тың жаңалық орын алды. «Абай елі» газеті заман ағымына сай ғаламтор желісіне қосылды.



Осыған дейін еліміз бойынша ең ірі ақпараттық портал Baq.kz сайтының жеке парағынан орын алып келген болсақ, ендігі арада аудандық басылымның жеке электронды мекенжайы бар. Бұл дегеніміз, жер шарының кез келген түкпіріндегі ақпарат іздеуші оқырман ендігі аралықта аудан өмірі жайлы жаңалықтар мен мақалаларды компьютермен немесе ұялы телефон арқылы да тауып, оқи алады деген сөз. Ол үшін жаһандық желіге қосылуға мүмкіндік бар жерде www.abayeli.kz доменін теріп кірсе жеткілікті.

Жаңа сайттың безендірілуі көркем. Арнайы айдарлары арқылы қажетті мағлұматты іздеп табу мүмкіндігі бар. Сайтқа газет бетінде жарық көрген тұщымды мақалалар, аудан өмірінің әр саласын қамтитын жаңалықтар орналастырылатын болады.

Жалпы, Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтардай даналардың аты қоса аталатын иісі қазақ үшін кастерлі өлке болғандықтан да, басылым сайтының қолданушылары да мол болатыны белгілі. Атап айтсақ, «Шежірелі Шыңғыстау», «Әлемді мойындатқан абайлықтар», «Шыңғыстау көгінің жұлдызы еді...» сынды танымдық-тағылымдық айдарлар көпшілікті тартымды туындыларымен қызықтырады анық. Ал жаңа сайттың жарнамасы үшін жақын аралықта facebook.com әлеуметтік желісінен арнайы аккаунт ашу да ойда бар. Демек, газетімізде жарық көрген, сөздің қаламыңыздан туған дүниелердің немесе ауданымызбен оның тұрғындары жайлы мақалалардың электронды нұсқасының оқырманы да көп болады деп санаймыз. Ендеше, алдағы уақытта да бізбен бірге болыңыздар, қадірменді оқырман!

«Абай елі» ақпараты

Баспасөз – 2015

Бүгінде ауданымыз бойынша «Абай елі» ақпараттық қоғамдық-саяси газетіне 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу маусымы жүріп жатыр. Биылғы баспасөзге жазылу науқанына шолу жасасақ, көңіл сүйсінері де, қызылжылар тұстары да бар.

Иә, Елбасының саясаты насихатталатын, «Нұр Отан» партиясының түрлі бастамалары жарияланатын төл басылымға жанашырлықпен қарайтын оқырманымыз да бар екен. Үлкен түсіністік танытқан ағайынның көшбасында Қасқабұлақ ауылының оқырмандары ауыл әкімі Асхат Мұқатайдың белсенділігімен, басылымға бір жылға 120 адам толықтай жазылды. Бұл біз үшін үлкен қолдау. Сонымен қатар

газетке жазылу барысында немқұрайдылық танытатынын да айтып өтпеске болмайды. Мұндай жерлестеріміз бәлкім өз қызметтеріне де дәл осылай бойкүйездікпен қарайтын болар...

Қазіргі күні аудан өмірінің айнасына айналған «Абай елі» аудандық қоғамдық-саяси газетіне жазылу науқаны жалғасып жатыр. Газетке жазылуды әрбір мекеме қызметкерлері мен ауыл

БАСЫЛЫМҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛЫП КЕТТІ

Архат ауылының тұрғындары да зор ынта танытты. Ауыл әкімі Ардақ Әміртаевтың ұйытқы болуымен бір жылға толық жазылған оқырман саны артуда.

Сол сияқты мекемелер қатарында бір жылға жазылған Б.Байғожина атындағы ясли-бақша ұжымы (мекеме басшысы Лаура Орынғожина), Қарауыл гимназиясы (басшысы Қуаныш Жарасбаев), Пансионат (мекеме басшысы Бақыт Мұсабекқызы), аудандық Электр жүйесі мекемесі (Фурхад Слямбеков), «Дерикар» ЖШС, тәртіп сақшылары мен денсаулық сақшылары және «Жастар үйі» мекемесі қызметкерлерін ризашылықпен атап өтуімізге болады. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, құрылтайшысы аудандық әкімдік саналатын төл басылымға қолдау танытқандарға алғыс білдіреміз.

Десек те, кейбір мекемелер мен ауылдық округтер

әкімдіктері ұйымдастырады. Басылымның бағасы бұрынғыша, яғни, өзгеріссіз қалғанын естеріңізге сала кеткіміз келеді.

«Абай елі» газетінің 1 жылға жазылу бағасы - 1800 теңге. Жарты жылға жазылу бағасы - 900 теңге. Мекемелерге - 2000. Қызметкерлер, әсіресе ұстаздар, дәрігерлер қауымы бір жылға толық жазылса, басылымның баспахана шығындарына жұмсалатын қаржы мәселесінің шешілуіне үлкен көмегі тиер еді.

Сондай-ақ, газет редакциясы ЖШС болғандықтан материалдардың ақылы негізде қабылданатынына танданыс білдірудің реті жоқ. Оның бір себебі, Семейдегі жекеменшік баспахана қызмет құнын қымбаттатып жіберді. Есесіне біз жазылу бағасын өткен жылғы қалпында қалдырдық.

Тағы бір айта кететін жайт, «Абай елі» газетін редакция пошташысы тарататындықтан редакцияға келіп жазылуларыңызды сұраймыз. Байланыс телефоны: 9-23-43. Газет әр апта сайын 8 бет көлемінде жарық көруде. Ел жаңалығынан хабардар болып, ауданымызда өтетін ауқымды шаралардан мағлұмат алудан шет қалмаңыздар. Ортаға салар ой-пікірлеріңіз, жағымды жаңалықтарыңыз болса бөлісуге әзірміз, қадірменді оқырман!

Құрметпен: «Абай елі» газетінің шығармашылық ұжымы



АНА АМАНАТЫ

Нағашым Темірбек пен нағашы апам Оспанқызы Қанымбүбінің Биғаным, Байғаным атты қыздары болған екен. Келесі перзентіміз ұл болса екен деген үмітпен үшінші туған қызын Жаңылтай деп қойыпты. Ата-ананың арманы орындалып, «ақ түйенің қарны жарылып» өмірге Мәсәлімбек атты ұл келіп, қуаныштан жүректері жарылардай болыпты.

Апам еті тірі, жігерлі болған екен. Қиын- қыстау күндерде ауыл-аймағына қолында барын бөліседі.

Осы Мәсәлімбек 18-ге толып, азамат болғанда елімізге тұтқиылдан неміс- фашист басқыншылары шабуыл жасап, Отан қорғауға ол да аттанады. Бұл кезде Биғаным да, Байғаным да, Жаңылтай да бойжетіп, бәрі де бір-бір жанұя құрып кеткен еді. Биғанымның жолдасы Төлепберген мен Байғанымның жолдасы Арғынбек те майданда.

Жаңылтайдың жары Әзімжан колхоз бастығы болған. Тылда ел басқару, майданның керегін жіберу үшін колхоз бастықтарын тылда қалдыруға үкімет қаулы шығарғаны аян. Нағашы апам Қанымбүбі зар жылап жалғыз ұлын майданға шығарып салып, өзі Жаңылтай мен Әзімжанның қолында қалыпты.

Соғыс кезіндегі қиын да, азалы күндер өтіп жатады. Ел құлағы майдан хабарына елендеуде. Апамның да күндіз- түні ойлайтыны - ұлы. Мәсәлімбек нағашымнан хат келіп тұрады. Апам сол бірінші келген хаттан бастап, жинай берген көрінеді. Мен сол соғыс басталған жылы туыппын.

Біздің Қопа деген жерімізден оншақты азаматқа бірақ күнде майданға шақыру қағазы келген екен. Бәрі де біздің үйдегі шілдеханаға қатысып, ертеңінде бүкіл ауыл болып улап-шулап шығарып салыпты. Содан үлкен үмітпен менің атымды «бәрі түгел келсінші» деген ниетпен Түгелжан деп қойған екен.

Нағашым Мәсәлімбектен кара қағаз келіпті. Мен есімді білетін едім. Апамның ылғи төбеге шығып, қолын көзіне көлегейлеп жан- жаққа қарап тұратынын талай көрдім. Сонда ұлын күтеді екен ғой. Алғашқы хаттан бастап, кейінгі кара қағазға дейін апамда сактаулы болды. Өзі оқи алмайды. Бізге (жиендері Мұрат, Орал, Нұрлығайым, Рәш, мен) жалынып оқытады. Тіпті, біз жаттап та алдық. «Осыны неменеге оқыта береді екен?» деп ойлаушы едік.

Балалық қой. Ана қайғысын, оның мұнын балалар қайдан білсін? Нағашым бір хатында: «Біз жеңеміз, біздің ісіміз әділ. Апа, сен жылама, жақсылықпен кездесеміз әлі» деп толғанса, енді бір хатында: «Қайран ауыл, қайран ел!» деп қимастықпен сағынышын жолдапты. Сол кездегі Қопадағы Темірхан, Смағұл, Ақшоқар, Мұсағали, Мұхаметжан, Оразбек, Бекмырза т.б. Қопадағы туыстарға, елге сәлемін де айтып жазған екен. Осы хаттардың ішінде маған ерекше әсер еткен бір хатына тоқталмақпын.

«Апа, әзаға, Жәйтай! Сендерді сағындым. Дәл жатарда дөңгелене туған айға қараңдаршы. Сол кезде мен де қараймын. Онан басқа сендермен мені байланыстырар ешнәрсе жоқ қой», -



депті. Оқ пен оттың арасында жүрген солдат сағынышын осылай жолдапты. Бұл жолдарды оқығаннан соң өмір бойы дөңгелене туған айды көрсем жүрегім дір ете түседі. Айға қарап телмірген, әлдене күбірлеген апам көзіме елестейді.

Нағашым жазған хаттарында «жиенім Советжанға және кішкене бөпеге» деп жазған екен. Ол бөпесі қазірде 74-те. Жас күнімізде жалындырып хатты әрең оқушы едік. Кейде өтірік түс көреміз, апам жағу үшін. Түсіміздің кейіпкері- Мәсәлімбек нағашымыз. Ондайда апам байғұс қуанып, бізді айналып- толғанып, қалтасынан тәттілерін беруші еді. Балалық қой. Ойласам, мұнымыз да қиянат екен ғой.

Уақыт емші екені шындық. Бірақ жан жарасы жазылмайды, жүрек түкпірінде мәңгіге қалады екен. Менің анам Жаңылтай шешесі Қанымбүбіні аялап, күтті. Өмірден таршылық көрсетпеді. Бірақ та, апам жүрек түкпіріндегі хабарсыз кеткен жалғыз ұлды көзі жұмылғанша

күтіп өтті. «Сөнбейді, әже, шырағың» деген өлеңді оқығанда тура сол апам арналғандай сезінемін. «Қоштасып жалғыздыңның хаттарымен, сапарға оралмайтын аттанып ең» деп өлеңде айтылғандай, апам дүниеден өтер кезінде сол хаттармен кәдімгі адамша қоштасты. Бізге: «Сендер оны тосындар. Ол келеді әлі. Біз танымаймыз демелдер. Өмір бойы шешен күтіп өтті деңдер» деп, сол хаттарды маған тапсырып, «Сен мұғалімсің ғой, ие бол» деп аманаттаған еді...

Нағашы апам Қанымбүбінің қызы Биғанымның жары Төлепберген Мұратын жетім қалдырып, зайыбын жесір қалдырып майданда қаза тапты. Байғанымның жары Арғынбек соғыстан мүгедек болып оралды. Бәрі де тіршіліктің тауқыметін көтере жүріп өмір сүрді. Өмір бір арнаға түскендей болды. Нағашы апам ең қайғылы жай-өзіне өмірі қамқор болған Жаңылтайы 44-ақ жасында артына 8 баласын, кәрі анасы Қанымбүбіні қалдырып, дүниеден өтіп кетті. Сол кезеңдегі нағашы апамның қайғысын, мұңлы жүзін көру, оған шыдау мүмкін емес еді. Бірақ, сол қызынан қалған балаларға, үлкен жиені Советжанның балаларына, жалпы ұрпақтарына аналық, әжелік махаббатын бере алған қасиетті жан еді.

Жастықта білмедік. Бала мұңы, бала қайғысы өмір бойы өзіңмен бірге болады екен. Жалғыз ұлдан айрылғанмен, апамның Биғаным, Байғаным, Жаңылтайдан тараған ұрпақтары бар, әрқайсысы- бір-бір ауыл.

«Сөнбейді, әже, ошағың» деген осы болар деп ойлаймын.

Түгелжан
ӘЗІМЖАНОВА,
Зейнеткер-ұстаз

ӘКЕНІҢ ЖОЛЫ - ҰЛАҒАТ

Қанатбаев Аяпберген 1 қаңтар 1892 жылы Шыңғыстау өңірінде (Абай ауданы, Қарауыл ауылында) дүниеге келген.

1907 жылдары Қарауылда сауатсыздықты жою мектебінен 4 кластық бастауыш білім алған.

Соғысқа дейін, он саусағынан өнер

тамған ардагер, темірден түйін

түйген ұста, ағаш шебері болып,

әр салада өз қолтаңбасын қалдырды.

Соғысқа 1942 жылы 49 жасында аттанып, Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінде Қазақстаннан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден құрылған, генерал М.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясында (1941 жылы оған 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы атағы беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталды) соғысқа қатысты.

1942-1944 жылдары осы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында, 25.08.44 жылдан - 23.06.45 жылға дейін 3-ші Екпінді Армияның 100-ші жеке батальонында қатардағы майдангер болып, Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын азат етуге қатысты.

Кескілескен қан-майдан ұрыстарға қатысып, Берлинге дейінгі жолды жүріп өтіп, 1945 жылдың 2 мамырында Берлин қаласын алуға қатысқан.

Соғыс кезінде екі рет жаралы болып, әскери госпитальде емделіп, қайтадан ұрыс даласына оралған.

Әрбір майдангер сияқты Қанатбаев Аяпберген де Отан үшін, жер үшін, артта қалған ұрпақ үшін жан аямай соғысып, өзінің Отан алдындағы борышын



артығымен өтеді. Майдан даласындағы көрсеткен ерліктері үшін:

1) «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталса;

2) «1941 – 1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

3) Кеңес Одағының Маршалы, Ұлы Отан соғысының Бас қолбасшысы, төрт мәрте Кеңес Одағының

Батыры Г.Жуковтың «Отан алдында аянбай адал еңбек еткені үшін» Алғыс хатымен марапатталды.

4) 1945 жылы 2 мамырда Жоғары Бас қолбасшы, Совет Одағының Маршалы Сталин жолдастың № 359 Бұйрығымен «Германияның астанасы Берлин қаласын алғаны үшін» Алғыс хатымен марапатталды.

1945 жылы 53 жасында елге оралған соң Абай аудандық мал дайындау мекемесінде 1950 жылға дейін ағаш шебері болып жұмыс істесе, 1951 жылдан 1963 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін, «Қызыл-Ту» совхозында, Абай атындағы машина-трактор станциясында (МТС), Абай аудандық малдәрігерлік лабораториясында ұста, ағаш шебері болып еңбек жасаған.

Зайыбы Қанатбаева Төкенмен 4 баланы тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Төрт баладан бүгінгі күні 11 немере, 17 шөбере өсіп-өніп, өмірден өз орындарын тауып, еңбек етуде.

Ұлы Отан Соғысының ардагері Қанатбаев Аяпберген, 1971 жылы 18 шілдеде асқазан рагімен ауырып дүниеден өтті.

Қызы: Жұмағайша
АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ

Майдангер хаттары

Салем хат

Қапура, Дияс, Светлана, Катя аса сағынып сендерге үлкен сәлем жолдадым. Қалай, аманыңдар ма, балалар арудан сау ма? Балалар өсіп, ер жетіп келе ме? Госпитальдан 9 қаңтар күні шықтым, қазір вздравливание батареяға кеттім. Мында біраз күн боламыз азырақ жара жазылып болғанша, содан кейін фронтқа кіреміз. Енді бұрынғы өзіміздің полкқа барамыз ба, жоқ басқа жаққа барамыз ба белгісіз? Сондықтан қашан тұрақтағанша сендердің хаттарың маған тимейді, себебі адрес қандай болады мәлім емес. Бірақ бұрынғы адреске жаза беріндер, егер барсам алармын, оған бармасам қала берер. Ал, енді қазіргі тұрған жеріміз соғыстан 70 шақырым жерде. Бұл жақта бұрын немістер барлығын құртып кеткен, тіпті бір колхозда жалғыз бас мал қалдырмай барлығын сойып жеп қойған. Тұрғындардың киімдерін де тонап алған.

Кейбір ауылдардың түгін қалдырмай өртеп кеткен. Мен де ол кезде артиллерияда болып, немістің бірнеше танкілерін қираттық. Мен де дәл осы ұрыс кезінде жараландым. Біз тұрған жерге 17 немістің танкісі шабуыл жасады. Біз пушкамен 6 танкіні

қиратып, қалғаны кейін қашты. Осы бір арпалыста маған оқ тиіп, сол жақ жамбастан өткен оқ оң жақ жамбасты да жаракаттады. Госпитальда оң жақ жамбасыма операция жасап оқты суырып алды. Осында 40 күн болдым, ал қазір демалыста тұрмыз. Жара жетілгенше. Енді көп болса осы қаңтардың 25-не қарсы қайтадан соғысқа креміз. Ал, Қапура сендердің қалдарың қалай, мен көбінесе сендерді жүдеп қалған шығар деп ойлап жүремін. Саған қарасатын адам жоқ. Егерде қалдарың орташа болса сенің жігіттілігің. Ал, енді Қапура менің костюмім мен қоженқамді сатпа, амандық болса соғыс біткеннен соң киімін ғой. Соғыстан кейін де киім тауып кино киынырақ болар. Егерде жазға дейін соғыс бітпесе сен өзіміздің елге көшіп кет, ол үшін қазірден бастап елге біздің, өзінің жақындарына хат жаз. Біреуіне барып тұрарсың. Меніңше елге бара тұрғаның жақсы болар. Ең болғанда тамақтарын тоқ болады. Үнемі аштыққа сен шыдағанмен балалар шыдамайды ғой. Сондықтан елге барғаның жақсы болар. Қош. Сау бол!

Біткенбай Баймұханбетов
12.01.1943 жыл.

Жас түлек - 2015

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе».

Ж.Аймауытов

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, білік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

регінде даярлау. Мектептегі педагог-психологтың негізгі атқаратын қызметтерінің бірі оқушыларды кәсіптілікке бағыттау болып табылады. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде, педагогика факультетін басқаратын педагогика ғылымдарының кандидаты Аубакирова Рахила Жұматайқызының, қазіргі заман талабына сай ең жақетті сұранысы көп педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты Джума-

жанова Гүлжанар Какимжанқызының басшылығымен кафедрада 5В010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 5В010300 «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша білікті де білімді мамандарды жыл сайын даярлап шығарады. Мамандарды даярлауда жоғары белсенді тәжірибелі ғылым кандидаттары және ғылым магистрлері дәріс және тәжірибелік сабақтар жүргізеді. Мұндағы ең маңыздысы - әр оқушы өзінің қызығушылығына, қабілетіне,

бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек. Қазіргі ғасыр талабы қиын, нарық заманы, яғни, әрбір оқушы өз - өзіне жауап беретін заман. Қоғамның талабы бойынша мамандық таңдау алдында ақыл таразысына салып, жан - жақты ойланып барып шешім қабылдауы жөн. Сондықтан да психология мен педагогикада аталған мәселе көп Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды

бөлігі. Яғни, сенің таңдаған мамандығыңның өзіңнің мінез - құлқына сай келуін қадағала, қолыңнан келетін іске ұмтыл, заман талабына сай, сұранысқа ие мамандықты да таңдаған дұрыс, сол орайда мен сіздерді Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті сынды ең іргелі, техникалық базасы бай білім ордасына оқуға шақырамын.

Гүлнар ЖАКПАРОВА,
Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті
Педагогикалық психология
кафедрасының аға оқытушысы

Көзқарас

ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫ ЕШКІМ ДЕ ӨШІРЕ АЛМАЙДЫ

Өткен XX- ғасырдың тоқсаныншы жылдарында КСРО - атты алып империя ыдырауға айналып, оның құрамындағы республикалар кезегімен өз тәуелсіздігін жариялай бастаған кезде Ресей жазушысы Солженицын «Как нам обстроить Россию» деген көлемді мақала жариялап, елді елең еткізгені есімізде. Оның әсіресе, «Қазақтардың малы жайылған жерлер солардікі бола ма? Қазақстанның солтүстіктегі облыстары Ресейдің жері» деп жазғанын оқыдық. Ұлы державалық ниеттегі жазушының аталған мақаласы жарық көруі мұң екен, орыстың шовинистік пиғылдағы саясатшылары мен журналистері «жерден жеті қоян тапқандай» қазақтың ежелгі атамекені туралы әділетсіз пікірлерді қарша боратты.



«Қазақстанның солтүстіктегі алты облысы Ресейдікі» деген теріс ойды кешегі КПСС орталық комитетінің бас хатшысы, СССР-дің тұңғыш президенті болған М.Горбачевтің де мас адамдай сандырақтағыны да жадымызда.

Шығыс Қазақстан аймағы Ертістің оң жағалауы Ресейге тиісті деп, бүйректен сирақ шығармақшы болғандар қаншама?

Сол бір ел басына күн тұғандай ойпыл-тойпыл кезде Орал мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы казак-орыстар да «бұл аймақ Ресейдікі» деп сес көрсетті. Кейінірек Пугачев дегеннің бастауымен Шығыс Қазақстанда төңкеріс жасамақшы болған басқыншыл ниеттегі арандатушылардың заңсыз әрекеттері құрықталғанын да білеміз.

Ақ патшаның сонау отаршылдық саясатын ұмытпаған боданшыл пиғылдағы Ресей азаматтары жөнсіз байбалам салуларын әлі де тоқтатар емес. Оған кеше ғана «қазақ деген ел адамзат тарихында болмаған. Орталық Азияда да ешқандай мемлекет жоқ. Өзбекстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қазақстан бәрі ойдан шығарылған. Қазақстан, Әзербайжан секілді құрама ұлт. Орыс казактары мекендеген даланың халқы. Қазақтар да мемлекет, не жер болған жоқ. Қазақтар да тіпті жазу болмаған»-деп теледидардан екілене сөйлеген Жириновскийдің сандырағы дәлел.

Мұны «Ит үрді, керуен көшті» деп елеусіз қалдыра салуға болар еді. Бірақ бұл ежелгі империялық астамшылықпен айтылған арандатушылық астары бар сайқал сөзде пәле жатыр.

Біріншіден түрік тектес ұлттардың тәуелсіз дамуына іріткі түсіру болса, екіншіден славян жұртшылығы арасында оларға деген бұрынғыдай теріс көзқарас қалыптастыру. Ұлтаралық қатынастарға сына қағып, достық мемлекеттердің ынтымағына жік түсіріп, көпшілікті адастыру. Әсіресе шынайы тарихты бұрмалап, орыс өзге де славян жастарының санасына шовинистік У-дың уытын қайта құю болды.

Амал не, осындай ұлы державалық пиғылдағы, шовинистерге, жазушылар мен журналистерге, саясаткерлерге өз тілдері арқылы тойтарыс беріп, олардың қате де теріс көзқарастарын айыптап бұлтартпас тарихи дерек, дәлелдермен қарсы пікір айтушылар қазақтарда аз.

Кайда біздің орыс тілді жазушыларымыз бен журналистеріміз. Олар неге үнсіз, әлде Қазақстан, қазақ десе «қояншық ауруы» ұстап сандырақтайтын В.Жириновскийдің жалақорлығына уәж, дәлел айтар, шындығында ештеңеміз жоқ па?

Құдайға шүкір бар ғой. Бар болғанда қандай! Қазақ деген бірегей ұлтымыз бар, 550 жылдан асатын хандық мемлекеттігіміз болғаны да тарихи шындық. Қазақ деген атауға, біз казак-орыстардан бұрын не болған аталы жұртпыз. Ер түріктің еркін ұрпағымыз. Ата-бабаларымыздың қан терімен қорғалған қасиетті жеріміз бар, ол казак орыстардікі емес.

«1397 жыл мен 1410 жылдарда Қырым татарларының біразы Литва еліне ауып барған. Литва королінің хат тасушысы қызметінде болған татарлар «қазақ» атанған. Ол кезде орыстың «казак-орыс» дегендері шықпаған кезі еді» - деп жазады Сәкен Сейфуллин, «-10 нөмірде (ғасырда), Византия елінің патшасы Константин Порпирородный деген кісі, әлгі Кубань өзенінің алқабын «казакия», (казакхия) деп атапты.»

Казактар бізден атымызды ғана емес, түрік-монғолдардың «ондық», «жүздік», «мыңдық» деген әскери атауларын өздеріне меншіктеп алды. Черкестердің буркасы мен берік, папакаларын, шапандарын иемденді. Қазақты «киргиз» атандырып, олардың қол басы, «атаман», «майдан» деген атауларын иемденіп кетті. Аталық, Атаман деген атау әуелде казактардікі болған.

Сөйтіп дала қазақтары сияқты еркін ел, ерен ер боламыз деп бейбіт қазақтың елді мекендерін, ауылдарын шапты. Ақ патшаның отарлаушылық саясатын әскери күшпен жүзеге асырушылар болды. Бұлардың қазан төңкерісіне дейін де, кейін де қазақтарға көрсеткен қиянат, қорлығын, әсіресе ібірсібірді жаулаушы Ермактың, (жармак) атаман Анненковтың қанқұйлы әрекеттерін ұмытуға болмайды. Тіпті қазақ тарихын зерттеуші орыс тарихшылары мен жылнамашыларының өзі «Казакх-разбойникий», «Қарақшы-казактар» деп олардың жүгенсіздігін жасырмайды.

Түрік тектес халықтардың ата мекендеріне қамалдар салып, жер-суларының атауын өзгертіп қарсылық еткендерін басып-жаншып келген де осы казактар. Ақ патшаға арқа сүйеп ұлан байтақ жерімізді отарлауда ерекше белсенділік көрсеткендерде осылар ғой. Сонда ежелгі Қазақ жері қалайша казактардікі болады.

Американың байырғы тұрғындары үндістердің түбіне жеткен испан отарлаушылары құсап, Ресей билеушілері де бізді жабайы, түземдіктер санап, бөліп алып, билеп келгенін, казак мемлекеттігінің ұйытқысы болып келген хандықты мүлде жойғанына тарих куә ғой.

Шынайы тарихқа жүгінсек қазақ, қазақ болғалы, қазағымыз іргелі ел болғалы 31 хан билеген екен. Патша үкіметі 1822 жылдан бастап сол хандықты түгелдей жойғанын жириновскийлер неге айтпайды.

«Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек».

Иә, Елбасымыздың осы айтқанын тек, жас казактар ғана емес, Ресейдің де империялық пиғылдағы шовинистері мойындаса қане.

Ежелгі тарихымызды төрткүл дүниеге таныту мақсатында Президентіміз биылғы жылы қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтуге, тойлауға тектен-текке бастамашы болып отырған жоқ.

Біріншіден, «Қазақ деген ел адамзат тарихында болмаған, олар да мемлекет, не жер болған жоқ. Олар орыс казактары мекендеген даланың халқы» деп жалақорлық пен байбалам салып жүрген Жириновскийдің аузына құм құю болса, екіншіден әлем жұртшылығының да қазақ деген ұлттың көне тарихы жөніндегі таным, түсінік көкжиегін одан әрі кеңейте түсу.

Қазақтың қандай халық екендігін, оның әдет-ғұрып, тұрмыс-салт тарихын өткен ғасырда «Абай жолы» эпопеясы арқылы төрткүл дүниеге әуелі кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов танытқан еді.

Адамзат дамуының жоғарғы сатысы ХХІ ғасырда сұңғыла саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев жылдан-жылға қарыштап дамып келе жатқан Қазақстанды әлемге мойындатты.

Енді міне, ежелгі қазақ хандығының ресми түрде құрылуының 550 жылдығын атап өту арқылы қазақ ұлтының ертедегі тарихын танып, білуге ғасырлар бойғы жабық есікті айқара ашып отыр.

Ақ патшаға үш жарым ғасыр бодан болдық. Жеріміздің қызығын отаршылдар көрді. Одан кейін Қазақ жеріне орыс шаруалары қоныстандырылды. Олар қасиетті жеріміздің тарихи атауларын алып тастап, өз атауларына өзгертіп алды. Жириновскийшілер осыны білсе де білмегенсінді.

Бұл да казак тарихының қасіретті тараулары. Қазіргі жастарымыз Елбасы айтқандай, өткен тарихымызға жаңаша көзқараспен қарап, шындықты танып, білулерінің еш артықшылығы жоқ.

Марат
ТУҢЛІКБАЕВ

Қазақ хандығына 550 жыл

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТАР ІСКЕ ҮЛЕС ҚОСАЙЫҚ!

Кешегі өткен даңқты батырлардың ерлігі бүгінгі ұрпақ үшін өнегенің көзі. Осы ретте Мамай батыр Жұмағұлұлына арнап ескерткіш ашу ісі жоспарланған болатын. Бұл тарапта арнайы құрылған «Мамай батыр» қорына аудан тұрғындары мүмкіндігінше үлес қосып жатыр. Елдігіміз үшін аянып қалмаған азаматтарымызды атай кетуді жөн көрдік.

Жеке адамдар:

Омарғалиев Исағали - 1000 000
Мұқатаев Асқар - 1 000 000
Қариев Амангелді - 989 360
Момынғазин Токтарғазы - 50 000
Қариев ӘзЖәнібек - 40 000
Айдарханов Сайлау - 50 000
Айдарханов Орал - 30 000
Слямбеков Фархат - 50 000
Магденов Мұқаш - 20 000
Бағдатова Зәйра - 15 000
Рақышев Майсары - 10 000
Рымғали «Дастан» ш/қ -10 000
Аукашев Нұржан - 10 000
Сондай-ақ, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер бір

күндік еңбекақысын аударып, игілікті іске елеулі көмек жасады. Аудан орталығындағы азаматтарға шамаларынша үлес қосқаны үшін алғыс айтамыз.

Бүгінде Қарауыл ауылынан Мамай батыр Жұмағұлұлының ескерткіші орнатылатын жер белгіленіп, алғы шарттары әзірленуде. Батырдың ат үстіндегі мүсінін жасау қолға алынды. Ескерткіштің батыр тұлғасына лайық болу, сапалы да, сәнді болуы басты мақсат болып отыр. Сондықтан да бәһадүр бабамыздың ескерткішіне үлес қосамын деген азаматтарға қордың есепшотын ұсынып отырымыз.

ОФ «Мамай батыр»

Юридический адрес: с.Қараул ул. Молдағалиева 17

Тел: 87225292117

БИН 130840004552 ИИК КЗ

976010261000182057

АО «Народный банк» Казахстана

Председатель фонда Бейсенбаев

Базарбай

Ұялы тел.: 87054993454

Жастар игілігі



ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛДЫҢ БАСЫНДА

«Мен жастар біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты» - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, Саржал ауылы, Ш.Токжігітов атындағы орта мектепте жас мұғалімдер легі баршылық. Жас ұстаздар - мектебіміздің тірегі. Жастар тобы мектептегі қоғамдық жұмыстарды өз міндетіне алып, жауапты істерін абыроймен орындайды. Жас мұғалімдерден құрылған «Жастар» ұйымында еңбек өтілі он жылға дейінгі ұстаздар топтасқан. Олар, Жапарова Айну - ШО тәрбиешісі, Баякеева Алмағұл-бастауыш сынып мұғалімі, Акишева Ғалия-МАД тәрбиешісі, Қасымсейітова Аймара-ШО тәрбиешісі, Мұқанова Арай-лаборант, Алжасарова Арай-информатика мұғалімі, Байдилдинова Алтынай - бастауыш мұғалімі, Исабекова Гүлнұр - биология мұғалімі, Алдабергенова Гүлнұр-лаборант, Таурбаева Қарлыға - еңбек пәні, ал Жұмабекқызы Сәуле бастауыш сынып мұғалімі. Топқа жетекшілік ететін Құстаева Кәмшат Рысбекқызы - Ш.О тәрбиешісі. Мектепішілік, ауыл көлемінде өтетін атаулы мерекелік іс-шараларды да жоғары деңгейде салтанатты түрде өткізуді бұл топ өз жауапкершіліктеріне алады. Атап айтса, ауылымыздың «Ақбота» тойханасында барлық мекемелер тобы бірлесіп өткізген 2014-2015 жылдардағы Жаңа жыл кештері, мектепте тойланатын әр мерекелік думанды кештер. Сонымен қоса ауылымыздағы жаңадан ашылған кең сарайдай мәдениет үйінде биылғы 2015 жылғы 8-наурыз мейрамын «Асыл ана жүрегі елжіреген» атты концерттік бағдарламамен бүкіл ауыл қауымын жинап, халықты жақсы көңіл-күймен бір серпілтті. Залда ине шаншар орын болған жоқ. Сахналық көрініс те, ән де, би де, әзіл-сықақ, пародия жанры да қамтылды. Қарттар үйіндегі қазыналы қарияларымыздың жай-күйі туралы қойылым көрсетілгенде, көзіне жас алмаған жан қалмаған шығар, сірә. Рөлдерді шебер сомдаған К.Құстаева, А.Қасымсейітова, А.Байдилдинова, А.Аукашова, Б.Даутов, Р.Елубаев, А.Жапарова көрермен қауымды өнерімен тәнті етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Мекемелер күнінде де біршама жас ұстаздар ат салысты. Сонымен қоса биылғы 7-мамыр мерекесі де өткен жылдағыдай жастардың қанжығасына байланды. Тағы да түрлі фантазиямен жауынгерлік рухтағы концерттік қойылымдар дайындап, мектеп директоры Е.Ақбергенов бастақан азаматтарымызға керемет көңіл-күй сыйлады. Заманауи әріптестер халық игілігі үшін қызмет етуді әрқашан абырой деп санайды.

**Ж.ҚАЙЫРБЕКОВА,
Ш.Токжігітов атындағы орта мектебі**

Жаңа кітап тұсаукесері



Арманның есімі бүгінде алаштың көзіқарақты оқырмандарына біршама танымал. Әдеби ортада, әсіресе, қолына қалам ұстаған кейінгі толқын арасында А.Шеризаттың шығармашылығы өз

Мамыр айының 15-інде Семей қаласының Мәдениет сарайында ауданымыздағы Медеу ауылының тумасы, Қарауыл гимназиясының түлегі, М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындар сыныбын тәмамдаған жас ақын, бүгінде Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің филология ғылымдарының магистрі Арман Шеризаттың «Тәңірқұт» атты жыр жинағының тұсауы кесілді.

Арман Шеризат: «МЫҢ БҰРАЛАҢ ӨМІРДІҢ КӨШЕСІМЕН...»

бағасын алып үлгерген. Қазақтың жазба поэзиясында өзіндік қолтаңба қалыптастыра бастаған ақынның сезімтал жырларына құмартатындар көп.

Қарағанды қаласында «Қасым.KZ» сериясы аясында жарық көрген жыр жинағына жас ақынның 50-ге тарта өлеңі енген екен. Жоба басшылары ұйымдастырған іріктеуде дарын иелерінің ішінен Арманның жырлары үздік деп танылып, баспаға жол тартқанынан аталмыш тұсаукесер рәсімде құлағдар болдық.

Жинақтың алғысөзін каламдарының

қарымдылығымен танымал ақындар Тыныштықбек Әбдікәкімов пен Төлеген Жанғалиев сынды белгілі ақын ағалар жазған екен. Жазушылар одағының мүшесі, Арманның поэзия әлеміндегі алғашқы бағдаршы-ұстазы Төлеген Жанғалиев кітапқа білдірген өз пікірінде: «Алғашқы жыр кітабын оқырмандар назарына ұсынып отырған ақын шәкіртім Арман Шеризатовтың қазіргі қазақ поэзиясының алдыңғы шоғырында шоқтай болып жанатындығына сенімім мол» деп пікір білдірген екен. Бұл ұстаздың шығармашылық қуаты бар шәкіртінің

сөз өнеріндегі ертеңі шұғылалы боларына деген үміті екені анық.

Республикалық, облыстық жыр бәйгелерінің алдында жүрген Арманның жыр кешіне жиналған қауымның қарасы мол болды. «Тәңірқұт» аталатын жинақтың тұсауын сенатор, философ-жазушы Ғарифолла Есім мен абайтанушы

ыстық лебізін білдіріп, М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындар сыныбының мүшелері Ділде Уәлибекова мен Марал Түгелжанова ақын ағаларына арнап жыр маржандарын тарту етті.

Семей төріндегі жыр мерекесіне айналған шығармашылық кеште белгілі ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов,

Төкен Ибрагимов кесіп, ақ баталарын берді.

Ал жерлестері атынан сөз алған, Арманның ақын болып қалыптасуына себепкер болған, өлең әлеміндегі тұсауын кесуші ұстазы Төлеген Жанғалиев жас ақынның өмір жолына тоқталып, ақ тілегін жыр жолдарымен өрнектеді. Сөзінің соңында Абай ауданының әкімі Тұрсынғазы Жантұяқұлының арнайы құттықтауын табыс етті.

Өнер кешінде Қарауыл гимназиясы ұжымының атынан Арманның ұстазы Күлзия Нұрғалиева шәкіртіне деген

Шәкәрім университетінің филология факультетінің оқытушылары Фарида Задақызы, Раушан Қойшанқызы және алаштың рухани астанасындағы «Халықтық ақындар орталығының» төрайымы, белгілі ақын Дәметкен Омарбаевалар да пікір қосып, дарын иесіне ақ жол тіледі.

Біз де Арманның жаңа жинағына көрімдік ретінде автордың осы жинаққа енген бірнеше өлеңдерін газет бетінде жариялауды жөн көрдік.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

Қарауыл-Семей-Қарауыл

Іңкәрлік

Тәкәппар таулар алыстан,
Манаурап ауыл жататын.
Кәрі әжем дұға бағыштап,
Күн, әйтеу, кештеу бататын.

Жаралы жанның қонағы,
Жүрегім талай сыздарсын.
Бір сынып менен жоғары,
Шеткі үйде сұлу қыз бар-тын.

Өткенге бүгін жүгінсем,
Тоқтау жоқ уақыт сыныпта.
Хор қызы көріп жүруші ем,
Айналған жаз да жұмаққа.

Сеземін отты мен кейде,
Алғашқы жазған хаттардан.
Сынғырлап жұмбақ кеудемде,
Беймәлім сезім басталған.

Ақ қанат аппақ періштем,
Қимадым оны төменге.
Жүз ақын сүйсе жаза алмас,
Айналып кетті ол өлеңге.

Жарты әлем сыйып кететін,
Жәудіреп тұрған көзіне.
Ғашық боп қалдым нетесін,
Өлеңге, әлде, өзіне.

Өтеді екен ғой жарысып,
Бақытты күндер байқалмай.
Мектепті бұрын тауысып,
Кетіпті маған айта алмай.

Жанымды мұның басқаны,
Жауатын бұлттай түнергем.
Сағыныш еді сап-сары,
Есейіпті мені жіберген.

Таусылып аңсар төзімін,
Көңілге алған көшіріп.
Кеткен бе суып сезімнің,
Жеткенде бір жыл кешігіп.

Ауылды... мендей ғашықты,
Қалада қалай ұмыттың?
Көркінді көрдім бақытты,
Көзінен бөтен жігіттің,

Алданып әлде қалдым ба?

Қалалыққыздың алында
Мойындап жеңілгенімді.
Жүрекке жерлеп тастадым,
Балалық сезімдерімді.

Өкпеледің бе?!
Тақымында жылдардың кеткен өмірге.
Мәңгі қыс боп қасарған тірлікке мынау,
Сен қайтадан бұр жарып
көктемедің бе?

Құладым деме,
Тағдырыңа ашынып жыладың неге?
Батар күннің күдігін қалдыршы, қарғам,
Атар таңның үмітті шуағын көре.

Өмір үстем бе?
Не жетсін қайғы мұңыңды
бөліп ішкенге!
Риясыз күліп, Мен кейде ләззәт аламын,
Жеңістерге бергісіз жеңілістен де!

Білемін құсым,
Кім бар дейсің жалғанда жүрегі бүтін?
Өмірді мәңгі жаныммен сүюге бармын,
Сенің аппақ періште тілегің үшін!

Бәрі осылай қалуға мұрша бар ма?
Бәрімізді уақыт тұмшалауда.
Батқан күнді қимадым... Ал біреулер
Жалақыға жете алмай, күн санауда.

Өткен уақыт, өткен күн жеткізе ме?
Асау жылдар бас бермей кетті неге?!
Шиырлаған ойлардың шырмауынан
Қалың мұңға беремін кеп тіреле...

Санаға салмақ салған сезімдерден,
Сан рет сарсаң болып жеңілгем мен.
Көлгірсіген талайлар көзімде өлген,
Адамдардан не таптым безінгеннен?!

Өз көшімен уақыт тағы айналды,
Біреуден жыр, біреуден сарай қалды.
Көңжал рух ұлыса, күшігінен
Ит-тағдыр талап берген талайларды.

Әдепте, ей, тағдыр, бас тағы да!
Төгіп жатқан жаңбыр ма, жас па мына?!
Қайғы мұңы аралас өмір менің
Өлеңімнің айналған аспанына.

Арман Шеризат



XXI ғасыр Көшбасшысы

Мамыр айының 19 күні аудандық Жастар үйінде аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жылдағы үрдіске сай «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық зияткерлік сайысы болып өтті. Бұл жолғы білгірлер байқауында ауданымыздағы 11 білім ордаларының оқуда озат, ойы жүйрік, кіл мықты оқушылары қатысып, жыл көшбасшысын сарапқа салды.

Аталмыш сайыстың ауданымыздағы мәртебесі жыл сайын артып келеді. Биылғы бәйгеге түскен талапкерлердің де дайындықтары айтарлықтай екен. Жылдағыдан жоғары деңгейде өткен сайыста өрендеріміздің білімге деген құштарлықтарына қызықтық. Сайланып келген сайыскерлер І-кезең Бәйгеде ұсынылған 15 сұрақтық тесттік тапсырманы орындаса, ІІ- кезең «Жорға» және соңғы бөлім «Көкпар» бөлімдерінде арнайы ұяшықтарды таңдау арқылы белгіленген сұрақтарға жауап берді.

Қатысушылар ортаға шақырылысымен төрелік жасайтын әділ-қазылар алқасы таныстырылып өтті. Олардың құрамында аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Гүлмира Қасеева, аудандық білім бөлімінің әдіскері Миргүл Исаханова және Қарауыл гимназиясы директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Мәрзия Абламбаева төрелік етті.

Ал сахна төріне жайғасқан сайыскерлер құрамында Советбек-қызы Мадина (Медеу орта мектебі),

Жұмағазина Қымбат (Абай мектеп-лицейі), Жұмақасева Лиза (Шәкәрім орта мектебі), Смағұлова Талшын (Әуезов орта мектебі), Құралбекова Гаухар (Ш.Токжігітов орта мектебі), Қуанышева Аяжан (Ж.Молдағалиев

хандығына 550 жыл, Ұлы Абайдың туғанына 170 жыл, Ұлы Жеңіске 70 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Конституциясына 20 жыл толуына орай, сайыс сауалдары да осы


тақырыптар төңірегінде әзірленіпті. Алғашқы бөлімде 15 тесттік сұрақтан сүрінген 5 оқушы жарыс жолын сол жерден тоқтата, жоғары ұпай еншілеген 6 сайыскер ІІ кезең «Жорға» бөлімінде бақтарын сынады. Қатысушылар кезекпе-кезек арнайы ұяшықта жасырылған сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтарын аңдатып жатты. Алғашқы бөлімдерден бастап өзінің алғырлығымен көзге түскен Ш.Әбенев орта мектебінің түлегі Ахметбек Жарқын мен Қарауыл гимназиясының оқушысы Тұрайсова Айтолқын және С.Бекбосынов орта мектебінен Қуанышбек Талшын финалдық кезеңге жолдама алып, кіл жүйріктерден кім жүйрік екендігін анықтады.

Бұл бөлімде қыз-жігіттер «Тарихым – тағдырым», «Ата Заңым - айбыным», «Отты жылдар

шежіресінен», «Абай – асыл қазына», «Бірлігіміз жарасқан» атты тараулардан арнайы ұяшықтар таңдау арқылы сұрақтарға жауап берді. ІІІ-бөлім бойынша қатысушылардың жинаған ұпайлары есептеліп, арнайы орындар да үлестірілді. Ең жоғары ұпайды еншілеген Ж.Ахметбек І-ші орынды иеленсе, А.Тұрайсова ІІ орынды, сондай-ақ Т.Қуанышбек ІІІ-ші орынды жеңіп алды. Өзге қатысушылар аудандық Білім бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Жарыс соңында сөз алған Гүлмира Шайкенқызы Білім бөлімінің басшысы Мақсат Нұрсұлтанұлының атынан жеңімпаз сайыскерлерді құттықтап өтіп, талапкерлердің жоғары дайындықтарына көңілі толғандығын жеткізді.

«Абай елі» ақпараты



орта мектебі), Ахметбек Жарқын (Ш.Әбенев атындағы орта мектебі), Тұрайсова Айтолқын (Қарауыл гимназиясы), Қабылқакова Еркемай (Мамай атындағы негізгі орталау мектебі), Қуанышбек Талшын (С.Бекбосынов атындағы орта мектебі) және Серікбеков Ержан (Көкбай орта мектебі) сынды өз білім ордаларының мақтаншылары қатысты.

Осылайша, сайыс ережесі таныстырылып өтіп, жарыс жолы басталып кетті. Сұрақтар биылғы жылдың атаулы мерекелері - Қазақ



Майдангер қолжазбасынан

Осыдан бес жыл бұрын Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдық тойына Астанаға барып қатысқам. Аудан бастыларының көмегінің арқасында Жеңістің 70 жылдығынан тойлауға быыл екінші рет бардым. Астанаға барғаннан қайтқанға дейін билік тарапынан құрмет пен қамқорлықтың неше алуан түрін көрдік. Ауданнан арнаулы автомашинна бөлініп, ішінде дәрігері, күтушісі бар денсаулығымды бақылап, қолтықтан демеп, Өскеменнің аэропортына дейін шығарып салды. Қайтарда да солар алып қайтты.

Өскеменнің аэропортында әр аудандар мен қалалардан келген майдангерлерді облыс әкімінің орынбасары Жаксылық Омар, облыстық Мәслихаттың хатшысы Василий Ахаев және Астанаға бастап апарушылар қарсы алды. Үлкен залда оркестрдің сүйемелдеумен салтанатты жағдайда шығарып салу рәсімі өтті. Облыс әкімінің орынбасары Жаксылық Омар құттықтау сөз сөйлеп, қайырлы сапар тіледі. Облыстан Астанадағы шеруге баратын 17 майдангер үстеріне арнайы тігілген костюмдерін киіп, орден-медалдарын тағып, сап түзеп арнайы дайындалған орындарда отырды. Міне, сол майдангерлердің аты- жөндері: Өскеменнен -Құрмет Рахимов, Аркадий Кимасов, Роман Мурзалинов, Михаил Кравченко, Семейден -Ғабдулғазиз Ахмеров, Нұрхасым Әжітаев, Риддерден -Георгий Шубаев, Николай Паншин, Абай ауданынан-Жағыпар Жүнісжанов, Аягөзден-Әбілқарим Темірханов, Бородулихадан- Алексей Ломтев, Жарма ауданынан-Қожа Қасымжанов, Зайсаннан-Равиль Ғазизов, Зырянскіден-Григорий Корогод, Көкпектіден-Нұрмұхамед Ақшалов, Мақаншыдан - Токтарбай Ахатаев, Шемонайхадан - Максим Домовец. Бәрінің де жүздерінен өмірге деген құштарлық, жасалып жатқан құрметке ризашылық сезімі байқалады. Қартайып қаусағандарына қарамастан кеуделерін керіп көңілді отыруға, тәртіп сақтап үлгі көрсетуге тырысады. Бұлар Отан үшін от кешкен, жастары тоқсаннан асқан ең соңғы тірі майдангерлер. Шығарып салушылар жапа-тармағай майдангерлерді құшақтап,топталып суретке түсіп жатыр...

Мамыр айының 5 күні сағат төрт жарымда самолетке мініп, кешкі 6 да Астанаға ұшып келдік. Аэропорттың кіре беріс дәлізінде әскери киім киген жасұландар духовой оркестрдің сүйемелдеуімен сап түзеп, бізге құрмет көрсетіп тұрды. Ал, аэропорттың қалаға шыға беріс гүлге оранған алаңында тағы да оркестрдің сүйемелдеуімен әскери ұланның қошемет көрсетіп тұрғанын байқадық. Кысқа жанын өтіп, Әділет Министрінің орынбасары «Хош келдіңіздер!» деп құттықтау сөз сөйледі. Бұдан кейін әскери әрбір жасұлан, әрбір майдангерді қолтығынан демеп, автобуска мінізді... Шығыс Қазақстаннан келген майдангерлерге қаланың ортасындағы он қабатты «Тенгри» деген қонақ үйінен орын дайындаған екен, бізді сонда орналастырды. Мен Аягөз ауданынан келген Әбілқәрім Темірхановпен 6-қабаттың 113 бөлмесінде бірге жаттым. Екеуіміз бір-бірімізді танымаймыз. Қонақ үйінде таныса келе ол жерлес болып шықты. Соғыс алдында осы Қарауылда Абай атындағы орта мектепте: Талғат Әбенов, Бәткен Сағындыков, Халелова Найлалармен бірге оқып 10 класс бітіріпті. Одан кейін соғыста, әскери комисариаттарда қызмет істеп, ыңғай шетте жүріп, Аягөз ауданынан орын теуіпті. Абай ауданында қызмет істемепті. Архат ауылында ұзақ жыл бас бухгалтер болған Серік-Кәрім Темірхановпен күрдас, дос болғанымды айтқанда, Әбілқарим «Ой, інім екенсің ғой» деп мені құшақтай алды. Ол да, менде «бірге жатық деп» ешкімнен сұрағанымыз жоқ. Құдайдың жерлестерді кездейсоқ қосып таныстырғанын қарашы?! Әбекен менен екі жас үлкен болса да әлі ширақ, қолына таяқ ұстамайтын денесі тіп-тік запастағы полковник, кеудесі орден-медалдарға толы сөйлегенде, ой-өрісі кең сергек адам көрінеді. Мен сияқты еңтікпейді, жүргенде озып кетеді. Астанада тұратын Жұманбектің баласы Гүлжанатқа берейін деп, Отан соғысының майдангерлеріне арналып шығарылған «Елі-ерлерін ұмытпайды» деген кітаптың бір данасын ала барам. Әбекен сол кітапты ақтарып

АСТАНАДА ӨТКЕН 5 КҮН

көріп, ішінен өмір деректерімен суреті басылған өзі мен інісі Серік Кәрімді және басқа абайлық таныстарын көріп мәз болды. Кітапты маған бер деп «Атан түйедей қалап» сұрап алды. Кейін Гүлжанат келгенде Әбілқаримнің атына автограф жазылған кітапты көрсетіп, саған ауданнан жіберем деп құтылдым. 5 мамыр күні Астанаға кеш келуімізге байланысты ешқайда барғамыз жоқ. Қонақ үйінің асханасынан әдейі дайындалған қонақасы мен символға айналып кеткен жүз грамды ішіп демалуға жаттық.

Ертеңінде 6- мамыр күні түске дейін Астанадағы тарихи- мемориалдық даңқты жерлерін аралатты. Ең алдымен Астананың символына айналған «Бәйтерек» кешеніне апарды. «Астана-Бәйтерек» монументінен мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі, болашаққа деген үміті анық көрінді.

«Бәйтерек» сөзінің мағынасы-өсіп келе жатқан мықты да, биік ағаш деген ұғымды білдіреді. Елбасымыз Н.Назарбаев «Евразияның жүрегінде» деген кітабында: о дүниенің түйіскен жерінде әлем өзені ағады, ол оның жағасында өмір ағашы «Бәйтерек» өседі, тамыры жер астында, ал Ұшар басы аспан әлемінде»- деп ғасырлар бойы адамзатпен бірге жасасып келе жатқан ертегіден үзінді келтірген. Астанаға барған адам «Бәйтерек» монументіне қарап, сол аңыз қайта тірілгендей әсерде болады. Тамаша сәулеттік ғимарат темір, бетон және шыныдан жасалған. Оның масштабы таңғаларлықтай, биіктігі 105 метр, салмағы мың тоннадан асқан көрінеді. Ал, АҚШ-тағы «Бостандық» статуясының биіктігі 46 дейді. «Бәйтерек» монументі әлемдік қауымдастықтағы жаңа Астананың символы болып табылады. Ол қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ертеден келе жатқан тамыры тереңге кеткен тарихи-рухани мәдениетін білдіреді. «Бәйтеректен» кейін Хан-шатырын, «Атамекен» мемориалдық комплексін аралап көрдік. Түсте қонақ үйіне қайтып келіп тамақ ішіп демалдық. Түстен кейін кешке сағат 6-да басталатын Отан қорғаушы күніне және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік концертке қатысу үшін Астана қаласындағы «Қазақстан» орталық концерт залына апарып бір сағат бұрын орналастырды. Зал үлкен, қай сектор екенін де білмейміз. Әйтеуір, бірінші қатарда шеткі орында отырдық. Шақыру қағазында жеке басын растайтын құжатпен бірге ғана жарамды деп көрсетілген. Жол бастаушыларымыз орындарыңыздан қозғалмаңдар деп қояды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің адамдары кіріп-шығып қаптап жүр. Соған қарағанда концертке Елбасы да қатысатын сияқты. Жайғасып болған соң бір сағаттан кейін мерекелік концерттің шымылдығы ашылып, Қазақстанның Ән –ұраны ойналды. Қызылды-жасылды электр жарығының айқыш-ұйқыш әрлі-берлі жарқыраған сәулелері, музыка аппараттарының бірде бәсеңдеп, бірде шалқыған дауысы, киноленталарынан берілген сұрапыл соғыс көріністері мен залдағы бүгінгі көріністер бірінен соң бірі ауысып, электр жарығы бір жанып, бір өшіп басты айналдырып жіберді. Бір кезде экраннан ба, сахнадан ба Елбасы Н.Назарбаев та көрінді. Залдағы көрермендерді Жеңіс күнімен Отан қорғаушылар күнімен құттықтап, жаксылық тілеп сөйлеп тұр. Тәуелсіз

Қазақстанның қазіргі жастары ата- бабаларының ерлігіне лайық болсын, Отанды қорғауға дайын болсын, бейбіт заман болсын! Құлағым нашар естісе де, Елбасы сөзінің ұзын-ырғасын осылай ұқтым.

Бұдан кейін мерекелік концерт басталып, әскери өлеңдер айтыла бастады. «Священная война», «Катюша», «Смуглянка», «Дорога на Берлин», «День победы» тағы басқа әскери өлеңдер, толып жатыр, бәрі орысша қазақша өлең айтқан бір адамды естігем жоқ. Концертке қатысқан Қазақстанға белгілі қазақ әншілерінің өздері орысша шырқағанда орыстардан асып түсіп жатады. Орыс рухы үстем, қазақ рухы жоқ. Осы жағдайды көріп отырғанда менің есіме Абайдың орыс пен қазақты салғастырып айтқан сөзі ойыма түсті...

Астанада болған үшінші күн - 7 мамыр 2015 жыл –тіпті ұмытылмастай есте қаларлық күн болды деп айтуға болады. Бұл күні Астанадағы «Қазақ елі» монументі алаңында Отан қорғаушылар

Перзент лебізі

БАТАГӨЙ БАБАМНЫҢ ҰРПАҒЫМЫН

Әркімнің өз әулетінде өзіндік мақтанышы болады. Менің бабам, Абай ауданының «Құрметті азаматы», Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, халық берген «Батагөй карт» атағы бар, жасы 92-ге келген Жүнісжанұлы Жағыпарды ауданымыз ғана емес, аймағымызда білмейтін адам кемде-кем.

Мен де бабамды өте жақсы көремін әрі мақтан тұтамын. Бүгінде кеудесіне таққан жиырмадан астам наградалары бар ардақты жанның қасында жүріп, өнегелі әңгімесін тыңдау - мен үшін баға жетпес бақыт.

«Жеті атасын білген – жеті жұрттың қамын жер» демекші, әулет шежіресін де жадымда тоқып өсіп келемін. Токтарбай болсам, бабам Жағыпар, одан жалғыз ұл - атам Малғажар, одан әкем - Жалдос тарайды. Әкемнен үш бала: ағам Жаннұры, інім - Әли-Нұр және мен өзім - Жанна бармыз. Баршамыз ел алдында Алатаудай абыройы бабамыздың атына кір келтірмей өсеміз деген ойдамын.

Батагөй бабамның өмір тарихын бүгінде күллі халық біледі. Жағыпар Жүнісжанұлы 1941 жылдан 1950 жылға дейін әскер қатарында болды. 1950 жылдан 1991 жылға дейін 40 жылдан аса партия – кеңес аппаратында жауапты жұмыстар атқарды. Одан өзге қаламгерлік қабілеті арқылы да туған жұртшылығына өлшеусіз еңбек сіңіріп келеді. Бабам «Отыз әулет, мың ұрпақ», және «Бата берсе білесіз бе?» атты кітаптардың да авторы.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев атаға бата берген бабамның терең мағыналы тілек сөздерін мен де көкейіме тоқып, жаттап жүрмін. Өзім бүгінде оқу озатымын. Жакында ғана Қарауылда соғыс ардагерлерінің көзі тірісінен жалғыз өзі қалған Жағыпар бабам «Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атанды. Бабамды осы қуанышымен құттықтаймын. Әлі де біздің арамызда қуаныштарымызға ортақтасып, ақылшы болып, ұзақ жасай берсе деп тілеймін.

Шобересі
Жанна ЖАНДОСҚЫЗЫ,
«Абай» атындағы кешенді мектеп-лицейдің 2-сынып оқушысы

күні мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған әскери шеру өтті. Шеру жөніндегі материалдар телевизиялардан көрсетіліп, баспа сөзде кеңінен жазылды. Сондықтан мен оны қайталамаймын. Бір ғана жағдайды айтайын: ауылдас таныстарымның бір сыпырасы «Сізді теледидардан көре алмадық, қайда отырдыңыз?» деп сұрақ қояды. Мен бірінші қатарда отырдым. Көрінісеген мен ғана емес, көп майдангерлер көрінбей қалды. Бұл телеоператорлардың қатесі. Бір секторда отырған майдангерлерді қайта-қайта көрсетті де басқа секторларға жоламады. Олардың есіл-лерті алаңда сап түзеп бара жатқан әскерлер мен техника, қару-жарақтарды дұрыстап көрсету болды.

Әскери шеру біткеннен кейін түсте Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Қарулы күштері Министрілігі арнайы қонақасы берді. Қорғаныс Министрі Иманғали Тасмағанбетов майдангерлер мен әскери құрамалардан келген жауынгерлерді мерекемен құттықтап «тост» көтертті. Бұдан кейін қоңыр түсті әскери вещмешокка салынған сыйлықтарын таратты. Маған ұнағаны: Қазақтың байырғы дәстүрін сақтап табақ тартып, ет әкелгені. Дстарханда қазы-қарта, құс еті, балық, түрлі жемістер мен көкөніс салаттары мол болды. Иманғали Тасмағанбетов әр үстелге әдейі келіп, майдангерлермен тос қағыстырды. Мен оның осы қарапайымдылығына риза болдым. Той болған соң мерекелік құттықтау, тост көтеру де аз болған жоқ. Арақ ішпей тартынып отырған қаусаған шалдар «Сталиндік жүз грамды алып қойың!» дегенде қағып салғанын өздері де білмей қалады. Осының өзі-ақ Сталин рухының карттардың санасынан әлі өшпегенін аңғартады. Бұл рәсім біржарым сағатқа созылды.

Астанада болған төртінші күн 8 мамыр 2015 жылда қызыққа толы болды. Тәңертеңгі 9-да «Отан қорғаушылар» монументті тұрған алаңға барлық облыстардан келген майдангер жиналды. Халық та көп болды. Әсіресе, жастар майдангерлерді ортаға алып сотқаларын кезеніп суретке түскісі келеді. Сағат тоғыз жарымда алаңның екі жағындағы қарама-қарсы бірнеше қатар тізіліп қойылған орындықтарға отырғызды. Әр майдангерге бір талдан гүл, бір флажоктен таратты. Гүлді монументтің аяқ жағындағы такта тасқа қоюымыз керек. Майдангерлер қаздай тізіліп, гүл қою командасы қашан болады деп тосып отырмыз. Монументтің жанында бір топ адамдар жиналып тұр, ішінен

И.Тасмағанбетов пен Б.Сапарбаевты таныдым. Көп күткенімізге қарағанда Елбасы Н.Назарбаев келетін сияқты. Сағат 10-30-да гүл қою рәсімі басталды. Мемлекеттік Әнұран ойналды, Ту көтерілді. Н.Назарбаев құттықтау сөз сөйлеп, алаңның екі жағында бірнеше қатар тізіліп отырған майдангерлерге таяп келіп, қол беріп, амандасып жатыр. Шығыс Қазақстан облысының майдангерлері үшінші қатарда отырғамыз. Назарбаевқа қолымыз жетпеді. Құр флажокты бұлғадық. Бір сағаттан артық күткен гүл қою рәсімі 3 ақ минутта аяқталды...

8-мамыр күні кешкі сағат 5-те Максим Горький атындағы Мемлекеттік орыс драма театрының майдангерлерге арнап қойған ойын-сауығын тамашаладық. Театрдың қойған қойылымдары да, ән-саздарыда бәрі орысша, бірақ өте тартымды, айызынды қандырады. Астанада қазақ театры жоқ па, болса бізді неге апармады? Біздің өнер-біліміміз орыстардікінен неге төмен, неге орыс рухы үстем деген сұрақ көкейде қалды? Өткен соғыста қазақ әншілері майдан



даласында, солдаттардың арасында ән салды емес пе? Қайда солар: Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, тағы басқа сондай өнер адамдары қазір неге жоқ? Қазіргі ел көзіне көрініп жүрген Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Е.Хасанғалиевтар қартайып қалды емес пе?..

9-мамыр күні «Отан қорғаушылар» монументі жанындағы алаңға тағы апарды. Мұнда қаз-қатар тігілген палаткалар қалашығы пайда болған екен. Біздің облыстың майдангерлерін 4-палаткаға кіргізді. Мұнда кателоктан қаша жеп, «Сталиндік жүз грам» ішіп, жауынгерлік әндер айттық. Тағы да орысша: «День Победы», «Огонек», «Темная ночь», «Вася-Василек», «Жди меня» тағы басқа.

Бүкіл дүние жүзіне танымал, көпке белгілі, көпшілік қосыла кететін қазақта ондай әндер жоқ. Өнер, білімді дамытайық Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңітейік. “Дамыған 30 елдің қатарына қосылайық” деп Назарбаев тегінен-тегің айтып жүрген жоқ, Абай да осыған шақырған. Қазақ мақтағанда алдына жан салмайды. Сөздеріне қарасақ, барлық ұлттан озып кеткен сияқтымыз, ал шындап келгенде артқы қатардамыз. Біліміміз де, өнеріміз де, тіліміз де бәрі артта. Жоғары білімі бар, дәрігерлеріміз қаптап жүр. Неге солар қазақ тілінде бір анықтама жазса алмайды. Абай айтқан надандықтан, жалқаулықтан, енжарлықтан әлі арыла аламай келеміз. Кейбір зиялыларымыз қазақша сөйлемейді, деп Назарбаевты кінәлайды. Сөйлемейтіні - қазақ тілі әлі мемлекеттік дәрежеге көтерілген жоқ...

Астанада 5 күн болып, көптеген қызық, құрмет көріп, 10-мамыр күні елге қайттық. Қайсы бірін айтайын, көпшілігін ұмытып қалыппын. Бізді құрметтеп кастерлеген, шығарып салып, қарсы алған, Астанада қызмет еткен барлық жандарға ризалығымды білдіріп, рахмет айтамын!

Майдангерлерге жасалып жатқан құрмет-қазіргі өсіп келе жатқан жастарға ұлағат. Ол әлдеқашан өліп қалған боздақтар мен елге аман келіп, ұрпақ көріп о дүниелік болған майдангерлерге қажет емес, қазіргі және келер ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу үшін қажет. Осы мақсатта өткен жылы Жеңістің 70 жылдығын тойлауға дайындық басталғанда соғыс кезінде майдан даласында қаза тапқан қыршын жас боздақтар мен соғыстан аман келіп, үйленіп, ұрпақ көрген, қазір оларда о дүниелік болған майдангерлерге арнап кітап шығаруды армандадым. Байқасам, мен жалғыз қалған тірі майдангер екенмін. Мені солар: «біз туралы кітап шығарып кел!» дегендей сезімде болдым. Содан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің бастығы Марат Түңікбаевты ертіп, аудан әкіміне бардым. Кітап шығаруға қаражат тауып беруді сұрадым. Аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков бұл ұсынысты бірден құптап, Әсет Мырзақасымовты, Ұлан Сағадиевті, Сағдат Тәтиеваны т.б. қарасты адамдарды шақырып, тапсырма берді. Соның арқасында бір жылға тақау уақытта: «Елі-ерлерін ұмытпайды!» -деген кітап дүниеге келді. Бұл кітапты шығаруда Әсет Мырзақасымов баспаға апарып, соңында жүріп, аянабай күш салды. Оның айтуынша, кітапты шығаруға миллионға тақау қаражат кеткен көрінеді. Сол үшін аудан әкімі Т.Мүсәпірбековке рахмет. Майдангер марқұмдардың аруағы жар болсын!

Жағыпар ЖҮНІСЖАНҰЛЫ,
Абай ауданының
«Құрметті азаматы»,
Ұлы Отан соғысының ардагері,
ең соңғы тірі майдангер.



Маманмен сұхбат

Елбасы өзінің Жолдауында: «Ендігі жерде онкологиядан болатын ауру мен өлімді төмендету мәселесі бірінші кезекке шықпақ. Үкіметке екі ай мерзім ішінде Қазақстанда, біз жүрек-қан тамырлары аурулары мәселесі бойынша жасағандай, Онкологиялық жәрдемді дамыту бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын. Сол сияқты Ұлттық медициналық холдинг базасында Астанада қуатты Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық құру мәселесін де қарастыру қажет» делінген еді. Міне, ел үкіметіне қойылған осы тапсырмаға орай - онколог дәрігерлерге де талап жоғарылап, обыр дертімен күрес күшейтіліп, әсіресе, алдын алу шаралары жүйелі басталып кеткен еді. Ағымдағы жылдың сәуір айында Елбасы облысымызға ресми сапары барысында Семейдегі өңірлік Онкологиялық диспансерде болып, сала қызметкерлерімен жүзбе-жүз кездесіп, әзірге толық дауасы жоқ бұл сырқатпен күрес және алдын алу шараларымен де танысқан еді.

Көп жағдайда өлім-жітімге алып келетін қатерлі ісік ауруы егер алдын алса, ерте сатыда анықтап, қарқынды ем жасаса - жеңіп шығуға болады. Яғни, отандық медицинаның әлеуеті оған жетеді. Ол үшін халық өз денсаулығына салғырт қарамай, скринингтік тексеруден өтіп отыруы ләзім. Осыған орай, халықарасында түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында, мамыр айының 20 күні Семей қалалық өңірлік онкологиялық диспансерінің бір топ дәрігер-мамандары алғашқы жұмыс сапарларын Абай ауданынан бастады.

Ауданымызға ӨОД директорының әдістемелік ұйымдастыру жұмысы бойынша орынбасары Нұргүл Жұмықбаева, скрининг орталығының дәрігері Өңіргім Қайырханова, дәрігер-маммолог Төлеген Құрманғалиев, мониторингтеу тобының басшысы Жәнібек Мұқанов және орта медицина қызметкері Раушан Чингаева келген болатын. Ауданымызда үш күндік болған дәрігерлермен аталмыш тақырыпқа орай сұхбаттасқан едік. Сауалдарымызға өңірлік

онкологиялық орталық директорының әдістемелік ұйымдастыру жұмысы бойынша орынбасары Нұргүл Керімқұлқызы жауап берді.

-Алғашқы сапарларыңыз Абай ауданынан бастау алып отыр екен. Жалпы, жұмыстарыңыздың барысы мен негізгі бағытына тоқталсаңыз?

Нұргүл

Жұмықбаева:

ОБЫРДЫ ЕРТЕ САТЫДА АНЫҚТАУ МАҢЫЗДЫ

-Бұрынғы Семей облысына қарасты алты ауданның орталықтарына жоспарланған жұмыс сапарымызды Абай елінен бастауды жөн санадық. Себебі, аудандарыңыз көрсеткіш бойынша, дерттің таралуы жөнінен алғашқы үштіктен табылып отыр. Сол себепті, біздің міндет ауданда онкологиялық дертті ерте анықтау шараларын ықпалдандыру және аурудың алдын-алу мақсатында тұрғындарды арнайы тексеруден өтуге шақыру. Өйткені, обыр дерті бірінші сатыларында ешқандай ауру белгілерін байқатпайды. Салдарынан күрделі сатыларына өтіп кеткен дертті ауыздықтау қиынға соғады. Ал, ол үшін міндетті түрде профилактикалық скринингтік тексеруден өтіп отыру керек. Негізінен біз 3 бағыт бойынша жұмыс жасаймыз.

-Атап өткен 3 бағытыңызға кеңінен тоқталсаңыз?

-1-ші бағыты алдын ала қарау бөлмесінің сапасын арттыру. Өйткені, әр емханаға, жанұялық

амбулаторияға бірінші рет келген ем қабылдаушы меілі ол басқа сырқат түрімен келсе де алдын-ала тексеру бөлмесінен өту керек. Осы кезде қарау бөлмесінің басты мақсаты көзге көрінетін обыр дертін ерте сатыда анықтау болып табылады. Мәселен, тері жабындары, ауыз қуысы, қалқанша безі, лимфа түйіндері, әйел

адамдарда сүт безі, жатыр мойныны обырларын ерте анықтауға болады. Ал, 2-ші бағыт ол қазіргі уақытта ШҚО-да қатерлі ісікті ерте анықтаудың 6 скринингтік бағдарламалары жүріп жатыр. Мәселен, әйел адамдарда сүт безі, жатыр мойныны обырлары, тоқ ішек және тік ішек обырлары, асқазан және өңеш, ер адамдарда қуық түбі безі, бауыр обырын ерте анықтау бойынша мемлекеттік бағдарлама негізінде үкіметтен арнайы қаражат та бөлінген. Сол себептен де, халық тексерілуден бас тартпауы шарт. Сондай-ақ, 3-ші бағыт жас мөлшерлеріне орай, жыл сайын халықты тексеруден өткізу міндеттелген. Мәселен, жасы 30-дан асқан әрбір адам тік ішегін, 40-тан асқан ер адамдар жылына бір рет қуық асты және қалқанша безін, өңешін, асқазанын, 35-тен асқан әйелдер 5 жылда бір рет жатыр мойнының ісігін, 50-ден асқан әйел-аналар екі жылда бір рет сүт безін міндетті түрде тексертіп тұруы керек. Осы үш бағыт негізінде аудандық емхана қызметкерлеріне және Кеңгірбай би, Токтамыс және Медеу ауылдарына барып, түсінік жұмыстарын жүргіздік.

-Бұл дерт бойынша ауданымыз алдыңғы орындарда тұрғандығын атап өттіңіз. Ауданымыз бойынша жылына қанша адам қатерлі ісіктің құрбаны болады?

-Қаралы тізімге тоқталар болсақ, обыр дерті бойынша бірінші кезекте Бородулиха, Бесқарағай және Абай аудандары жоғары көрсеткішпен алдыңғы қатарда тұр. Абай ауданы бойынша жыл сайын 20-25 адам есепке алынса, 100-ге жуық тұрғын бізде тіркеуде тұр және ем шараларын тұрақты қолданып келеді. Айтып өткенімдей, сырқат обырдың алғашқы сатыларында келетін болса, ем қонады, яғни, адам жасының өміршеңдігі ұзарады. Жылына Семей қаласы бойынша 700-ге жуық тұрғын обыр дертінен көз жұмса, аудандарыңыз бойынша 20-ға жуық адам дүние салады.

-Қатерлі ісік көп жағдайда неден, қандай жағдайда пайда болады?

-Медицина тілінде «онкология» гректің «қатерлі ісік» және «ілім» деген сөзін білдіреді. Ғалымдар обыр клеткаларының теңіз шаяны сияқты шырмасқан аяқтарымен адам денесіне жайыла тарайтынын анықтаған. Обыр клеткасы адамның басынан бақайшағына дейін кездесе береді. Тез өсіп, белгілі бір уақытта қан және лимфа тамырлары арқылы ағзаның мүшелеріне тарайды, немесе балайды. Ісік әбден өсіп, айналасындағы ағзаларды қысып, ауырта бастағанда ғана сезіледі. Тағы да қайталаймын, егер ауру ерте, І-ІІ сатысында анықталса, 80 пайыз айығып кетуге мүмкіндік бар. Негізі бұл дерт бір ғана себептен туындамайды. Ол экологиялық жағдай, стресс, жазылмай жүрген жараның қабынуы сияқты тағы да басқа бірнеше әсерден пайда болады.

-Бүгінгі біздің еліміздегі медицина саласының дертті жеңудегі мүмкіндігі қаншалықты? Ем-домның қандай түрлері жасалады?

-Өңіріміздегі онкологиялық диспансерде обыр дертін емдеудің негізгі 3 түрі қолданылады. Олар, хирургиялық, химиотерапиялық және сәулелік сынды ем түрлері. Сондай-ақ, заманауи әрі қымбат тұратын таргент препараттары елімізде акысыз беріледі. «Таргент» деген сөз дертіне дөп басу, яғни, өзге ағзаларды зақымдамай, обыр дертіндегі клеткаларға әсер ететін бірден-бір дәрі болып табылады.

-Сұхбатыңыз үшін, берген мәліметтеріңіз үшін рахмет. Елбектеріңізге табыс тілейміз!

*Сұхбаттасқан
Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»*

Хакім қазынасынан

КОНФЕРЕНЦИЯ АРҚАУЫ - АБАЙ МҰРАСЫ

Мамырдың 13-14 күндері ауданымызда Абай есімімен аталатын келелі білім ордасында дана ақынның туғанына 170 жыл толуына арналған «Абай мұрасы-ұрпаққа ұлағат» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Ігі шараға Семейдің Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің оқытушылары, Абай мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының, ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығының қызметкерлері мен Өскемен, Семей, Курчатов қалаларының және Абай, Аягөз,



қырынан таныстырды. Айталық, Шәкәрім мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Фарида Жақсыбаева «Абай мұрасы – адамзаттың асыл қазынасы» тақырыбында, Шәкәрім мемлекеттік университетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Ғалия Ақыманова «Абай қалдырған із мәңгілік», Абай мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайранбаева Мейрамгүл «Абай мұрасы және ұлт руханияты» және ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығының әдіскері Риза Сәбиева «Абай мұрасы – ұрпаққа ұлағат» тақырыбында баяндамалар жасады.

Ал түстен кейін конференция жұмысы үш секция бойынша жалғасын тапты. Бірінші секцияның жұмысы «Абай шығармашылығын оқытудың жаңашыл әдістемесі мен технологиясы» бойынша ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығының әдіскері Файызрахманова Назираның жетекшілігімен өтті. Оған он бес мұғалім қатысып, он мұғалім баяндама жасады.

Келесі кезектегі «Әуезов және Абай» тақырыбындағы екінші секцияның жұмысы ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығының әдіскері Риза Сәбиеваның басқаруымен өтіп, онда жиырма қатысушының арасынан он екі мұғалім баяндама жасады. Ал Абай аудандық білім бөлімінің әдіскері Бектөлеу Имантайдың жетекшілігімен өткен «Абай мұрасы – адамзаттың асыл қазынасы» тақырыбындағы үшінші секцияның жұмысына он сегіз адам қатысып, он екі мұғалім ғылыми жұмыстарын оқыды.

Тағылымды өткен конференция соңында баяндама жасаған барша ұстаздар қауымына арнайы сертификаттар табысталды.

«Абай елі» ақпараты

САПАЛЫ БІЛІМ АЛЫП, САНАЛЫ МАМАН ИЕСІ БОЛ!

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев білім сапасына ерекше көңіл бөліп, оның сапасын әлемдік стандартқа сай дамытуды міндеттеп отыр. Сапалы және саналы білім бере алатын жоғарғы оқу орындарының бірі Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Ұстаздық мамандықты дайындайтын жоғарғы оқу орындарының бірі - педагогикалық институттар. Семей қаласындағы 80 жылдық тарихы бар педагогикалық институт, қазіргі таңда Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің құрамына енген. Абай ауданынан шыққан көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары, ақын жазушылары және қоғам қайраткерлері бір кездерде Семей мемлекеттік педагогикалық институтынан білім алғандар.

Шәкәрім университеті оқу ғимараттарымен, зертханалармен, кітапханалармен, компьютерлік сыныптармен, спорт кешендерімен жоғарғы деңгейде жабдықталған. Оқу процестері заман талабына сай үш тілде жүргізіледі, онда жоғарғы білікті профессорлық-оқытушылар жұмыс істейді. Бұл университеттің 30-дан астам ғалымдары жоғарғы оқу орындарының үздік оқытушылары атанып, мемлекеттік грант иегерлері болды.

Біздің университет беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі бола отырып, олармен халықаралық ынтымақтастық және іскерлік байланысты жүзеге асыруда.

Университет студенттері қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, әртүрлі қоғамдық жұмыстар студенттердің қоғамда тұлға ретінде қалыптасуына зор септігін тигізуде, сонымен қатар, студенттер оқудан тыс уақыттарында көптеген шығармашылық үйірмелерде жұмыс істейді. Олар өз өнерлерін ортаға салып, университет намысын қорғауда түрлі сайыстарға қатысуда.

Қазіргі кезде Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті әртүрлі мамандықтар бойынша білім беруде, солардың ішінде биология мамандығы бойынша ұстаздарды даярлау ерекше орында тұр. Бұл мамандық университеттің жаратылыс ғылымдар факультетінде даярланады. Ол сапалы білімнің, ғылымның және мәдениеттің орталығы. Мұнда жоғарғы деңгейдегі биолог мұғалім мамандарды дайындап шығаруға барлық жағдайлар жасалынған.

Жаратылыс ғылымдар факультетінде 3 кафедра бар, солардың ішінде биология кафедрасы биология мамандығы (шифры 5B011300) бойынша бакалавриат деңгейіндегі биология пәнінің мұғалімдерін даярлайды.

Биология кафедрасында ғылыми атактары және дәрежелері бар жетік ұстаз дәрістік және зертханалық сабақтармен қатар, ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда. Соның бір мысалы ретінде 2013 жылдан бастап биология кафедрасы «Шыңғыстау аймағының өсімдіктері мен жануарларының биоалуантүрлілігі» тақырыбында ғылыми жұмыстарды орындауда. Бұл ғылыми жұмысқа Абай ауданынан келген, біздің факультеттің студенттері Таңат Шагилов пен Айдана Болатқызы т.б. қатысып, өз үлестерін қосуда.

Шыңғыстау аймағында орындалған флоралық және фауналық ғылыми жұмыстардың нәтижесі Қарауыл селосының Абай атындағы мектеп лицейінде мини музейдің ашылуына жол ашты. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2015 жылы, ұлы Абайдың мерейтойы қарсаңында «Шыңғыстау» атты ғылыми танымды кітап шығады. Мұндай ауқымды шараларды ұйымдастырып, орындау биология мамандығын даярлайтын, кафедра ұстаздарының ғылыми деңгейлерінің жоғары екендігін көрсетіп отыр, яғни олар сапалы білім берудің кепілі.

Жаратылыстану факультетінің биология мамандығын бітірушілер ұстаздық мамандықпен қатар, ғылыми бағытта да жұмыс істеулеріне мүмкіндіктері бар. Біздің мамандықты бітірген түлектер кәсіптік бағыттарда және ғылыми-зерттеу мекемелерінде жұмыс істей алады. Факультет түлектері биология мамандығы бойынша білім беретін және биология мамандығын қажет ететін мекемелерде 100 пайыз шамасында жұмысқа орналасуда.

Абай ауданы бойынша 2015 жылы бітіретін түлектерді, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің, жаратылыстану ғылымдары факультетіндегі биология мамандығына (шифры 5B011300) түсулеріңізге шақырамыз. Өзіңе серік болар мамандықты тандап, жоғары білім алуға жол аш!

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің биология кафедрасының доценттері: Карипбаева Н.Ш, Қуанышбаева М.Г, Хромов В.А, аға оқытушы Полевик В.В.

Кәмен Оразалиннің туғанына 95 жыл

Ұлағатты ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше кітаптардың авторы, ақын, абайтанушы ғалым, «Парасат» орденінің иегері болған Кәмен Оразалиннің дүниеге келгеніне биыл 95 жыл. «Ғасыр тұлғасы» атанған, Абайдан кейінгі ақындық мектепті жалғастырушы қаламгер мерейтойы қарсаңында аудан төрінде Семей, Аягөз, Бесқарағай аудандары қатысушыларын қамтыған аймақтық Кәмен оқулары байқауы болып өтті.

Мамырдың 21 күні аудандық Мәдениет үйінде өткен шараға ауданымыздың барлық мектептерінен және өзге аудандардан да ынта білдірген оқушылар қатысты. 16 үміткер бақ сынаған шараға Кәмен Оразалиннің жасында бірер жылдар оқыған, Аягөз қаласындағы С.Ғаббасов атындағы орта мектеп шәкірттерінің де келіп қатысуы мереке маңызын еселей түскендей болды.

Сахна шымылдығы Кәмен ағаның көзі тірісінде түсірілген деректі бейнефильммен түрілді. Танымдық туындыда абайтанушы ғалымның қазак әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі үлесі, қаламгерлік қарымы туралы дарын иесінің өз аузымен кеңінен сөз қозғалыпты. Осыдан соң сөз алған

АЙТУЛЫЛАР АЙМАҚТЫҚ БАЙҚАУДА



аудандық мәслихаттың хатшысы Төлеубек Аманғазы жазушының ғұмырына, шығармашылық жолына кеңінен тоқталып, ағамен бірге өткізген өткен күндер естелігінен сыр шертті. Ал, өз кезегінде ұйымдастырушылар атынан лебіз білдірген аудандық Білім бөлімінің басшысы Мақсат Нұрсұлтанұлы және ардагердің ұлы Елдар Оразалин қатысушы оқушыларға ақ жол тіледі.

Сахна төрінде сөз алғандар қатарында Кәмен Оразалиннің ұлағатына ие болып, тағылымын терген шәкірттері де болды. Атап айтсақ, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Төлеген Жанғалиев өнер әлеміндегі ақылшы ағасы жайлы айшықты ойларымен бөлісіп, ұстазына деген ыстық сағынышын да жеткізе кетті. Осыдан соң өңіріміздің алдырақсақалы, «Абай ауданының құрметті азаматы»

Манатай Толғанбаев байқауға қатысушыларға ақ батасын берді.

Кәмен оқулары «Достықты жаздым ту етіп», «Абай ауылына саяхат», «Ақын боп жырлау бір бақыт» деп аталатын негізгі үш бөлімді құрайды екен. Бірінші бөлімде оқушылар Кәмен Оразалиннің шығармаларынан үзінді оқыды. Әр қатысушыға бар жоғы үш минуттан ғана уақыт берілетін бұл бөлімде шығарма текстологиясының сақталып оқылуына және орындау шеберлігіне мән берілді.

Екінші бөлімде қатысушылар экраннан көрсетілген тарихи жерлер туралы суреттерді жазушының кітап желісімен байланыстырып баяндаулары талап ретінде қойылды. Бұл бөлімде әр сайыскердің тіл көркемдігі назарға алынды.

Ал, үшінші бөлімде байқауға қатысушылардың ақындық өнері сын тезіне алынды.

Сонымен үш бөлімнің қорытындысы бойынша, құндыздылық Құмарұлы Алтынбекке ауданның Білім бөлімінің атынан арнайы сыйлық бұйырды. Үшінші орынға Шәкәрім орта

мектебінің оқушысы Сайлаубекова Адина, ордалық Айымғазин Ерасыл және Семей қаласынан келген Шәкәрім атындағы дарынды балаларға арналған мектептің оқушысы Болатбекова Аяулым лайық деп танылды. Қасқабұлақтық Болатқазиева Гүлжауһар мен Семей қаласының №8 орта мектебінің оқушысы Қанатова Адия екінші орынды өзара бөлісті. Аягөз ауданының атынан қатысқан Төлеутаева Динара мен көкбайлық Тұрғазина Арайлым тең түсіп, бірінші орынды қанжығаларына байлады. Ал Бас жүлде - ерекше қабілетін мойындатып, сөзсіз жеңіске жеткен Қарауыл гимназиясының 10 сынып оқушысы Уәлибекова Ділдігә берілді.

Кеш соңында байқау жүлдегерлеріне арналған сыйлықтарды ұйымдастырып, демеушілік жасаған Кәмен Оразалиннің немересі, Қасқабұлақ ауылдық округінің әкімі Асхат Амантайұлы барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, аясы кеңейген айтулы шараның аймақтық кезең деңгейіне көтерілгендігі үшін разылығын білдірді.


Сондай-ақ, аталмыш шара барысында көрермен қауым Жанболатова Сәулет пен Маратова Жанель сынды бұлбұл үнді жас әкшілердің әндерімен сусындап, «Қаламқас» ән-би ансамблі бишілерінің орындауындағы «Ой, жайлау» биін тамашалай алды.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

• ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ! •



Ардақты әкеміз **Берлешов Гимран Басариұлының** өмірден өткеніне 40 жыл, асыл ағамыз **Берлешов Советхан Гимранұлы** тірі болса 60 жасқа толар еді... Пешенеге жазылатын тағдыр бар, Тағдар деген саулап жауған жаңбырлар. Сағыныштың қалдырыпты астында, Сіз кеткелі жымыраған сан жылдар.



Мінезге бай, жан саулесін таратқан, Ер едіңіз елді аузына қаратқан. Ерте әкеткен амал бар ма ажалға, Жаннат төрін нәсіп етсін Жаратқан **Сағынып еске алушылар: балалары, аға-інілері, жеңгелері, келіндері.**

Адам баласы Алла тағаладан ұрпақ тілейді. Атымды ататып, артымды жаңғыртып жүрсе дейді. Өлген адамға ештеңенің қажеті жоқ. Анда-санда дұға оқытып, Құран бағыштап тұрса болғаны.

Біздің әкей Қабылан Асылжанұлының өмірден өткеніне де жарты ғасырдан асыпты. Анамыз **Зәбира Жанботақызының** қайтқанына 20 жыл, ағамыз Есен Қабыланұлының бақилық болғанына 40 жыл толыпты. Қанша уақыт өтсе де жарықтықтар дұғамыздан түсіп көрген жоқ. Ойға оралтып, сағына еске алып отырамыз.

Жастай қалып, өссек тағы әкеден, Айрылмадық ана берген мәпеден. Содан шығар ұрпақ өсіп, жетіліп, Көктем құсап көгеруде көсегем.

Өмірге кеп немере мен шөбере, Өріс құсап кеңеюде кереге. «Орнында бар оңалады» - дегендей, Басқалармен теңеледі терезе.

Шүкіршілік етіп жүрміз бұған да, Ата-анамыз айналғандай тұмарға. Өрқашан да әкеміздің әулетін, Қолдай берсін, қорған болып бір Алла!

Еске алушылар:
Балалары, немерелері.



Құндызды ауылының тұрғыны болған, шаңырағымыздың шаттығы, отбасының ұйытқысы, немерешөберелерінің аз әжесі, ардақты да аяулы анамыз **Алыбайқызы Нұрғайша Ниязбек келінінің** өмірден өткеніне 1 жыл болды. Өмірден көргені мен түйгені көп, көкірегі ояу, адамшылығы жоғары, ақылшы, үлкен-кішіге қамқор, балаларының панасы, немерешөберелерінің сүйікті әжесі, туған- туысқа, өз ортасына сыйлы болған жан анамызды сағынышпен еске аламыз.

Ана, Сізді сағындық! Болса да анық өзінді көрмейтініміз, Болса да анық бізді іздеп келмейтініміз. Өмірден өтті дегенге сене алмай жүрміз, Болса да анық, жүректе өлмейтініміз. **Ана Сізді сағындық,**

Ақса да өмір байырғы арнасымен, Ана, өзің едің біз үшін-мәңгі асыл өлең! Ана- шуақты күні ғой әр шаңырақтың, Күн сөніп, түнек болып қалмасыншы әлем! **Ана! біз Сізді сағындық,** Сіз едіңіз бас қоссақ, шырқайтұғын әніміз. Тілегіміз жаннатта, болсын мәңгі жаныңыз.

Еске алушылар: балалары, немерешөберелері Анамыз **Алыбайқызы Нұрғайша Ниязбек келінінің жылдық асы Құндызды ауылының «Адина» тойханасында 6 маусым күні ерлер мен әйелдерге бір мезгілде сағат 13:00-де беріледі. Қатымға барлық туған- туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, ауылдастарды шақырамыз.**

• Көңіл айтамыз •

Аудандық «Нұр Сана» салт дәстүр орталығы осы орталықтың белді мүшесі Қойбасарова Төлеуғайшаға сүйікті ұлы **Сләмбекұлы Мараттың** мезгілсіз қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып көңіл айтады. ***

«С.Бекбосынов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, осы мектептің тәрбиешісі Жайсаңбай Зизаш Кеңесқызына анасы **Жайсанбаева Зәбеденнің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады. ***

Қарауыл ауылы соғыс және еңбек ардагерлер ұйымы Еңбек ардагері **Қайсабекова Марияның** қайтыс болуына байланысты марқұмның жанұясына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Абай елінің тумасы, ардақты азаматтарының бірі, анамызға адал жар, бізге аяулы әке, немерешөберелерінің сүйікті атасы, ағайын-туысқа сыйлы болған әкеміз **Дәулетбек Тыныштықбайұлы** 21 сәуір күні дүниеден өтті.

Кенеттен айырылып қалдық Әкемізден... Бізге-балаларына қатты сөз айтпаушы еді, бәрімізді еркелетіп, ақылмен, байыппен ғана тәрбиелеген марқұм әкеміздің бейнесі мәңгі есімізде қалады. Әкеміздің аты ұрпағының санасында жаңғыру үшін оның жақсы істерін балаларымызға үлгі етеміз. Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын, жан әке!

Жаның- көкте, мекен етті аспанды, Сені іздеген көңілдерден жас тамды. Сағыныш пен өкініші астасқан, Әке, сенсіз күндер енді басталды...

Өзгеден ерек жан едіңіз, Ақыл асқан дана едіңіз. Аңқылдаған жүрегіңіз, Көңіліңіз пәк жан едіңіз.

Төрт бала баптап өсірген, Қателіктерін кешірген. Сөз қадірін түсінген, Әкешім, Кетпейсіз елдің есінен.

Асқақтап тұрған тауымыз Арайлап атқан таңымыз. Қош енді, қош бол, Әкетай, Жәннатта болсын жаныңыз.

Сағынып еске алушылар: жары Айгүл, балалары Айдос-Ғалия, Зәуреш-Саят, Сәулет-Азамат, Жанар-Дәулет, немереші-ендері. **Әкеміздің 40 күндік асы Семей қаласындағы «Тенгиз» мейрамханасында 31 мамыр күні сағат 11.00-де ерлерге, сағат 14.00-де әйелдерге беріледі. Қатымға құда-жекжат, әкеміздің дос-жарандарын, туған-туыстарды шақырамыз.**

Үй сатамын

Қарауыл ауылы, Молдағалиев көшесі 9 «А» үй, 10 пәтер сатылады. 1 – қабат, 2-бөлмесі бар. Байланыс телефондары: 9-22-54; 87027067698 ***

Қарауыл ауылындағы Зере 3/1көшесіндегі блок үй сатылады. 3 бөлмелі жаңа үйдің қора- жайы бар, мал ұстауға ыңғайлы. Гаражы, бау- бақшасы, құдығы бар. Бағасы келісімді. Байланыс телефоны: 9-20-72; 8702-708-10-10

Жоғалды

ШҚО Абай ауданы Қарауыл ауылы Абай көшесі, 23 үйдің жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акт № 0402349, кадастрлық нөмірі 05-236-002-345, жер учаскесінің алаңы 0,0799 га жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Тойыңа гүл алын...



Сабырлыққа шақырған, ақылға-ақыл қосқан, қателігімізді түзетіп, қамқор бола білген, сынаптай сыншы әкеміз.

Омаров Қайролла Омарұлы сізді мерейлі 70 жасы-ңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Мандай теріңізбен анам екеулеріңіз ұл-қыздарыңызды өсіріп, тәрбиелеп, оқытып, әрбірін жылы ұясына қондырдыңыздар, деніңіз сау, ұзақ ғұмыр кешіңіз.

Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды. Өулетіміздің алтын киесі, шаңырағымыздың ұйытқысы берекесі, көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті, тоғыз баланың анасы ақ анашымыз Бақырбаева Гүлбарам Адикызы сізді 65 жасыңызбен құттықтаймыз.

Нұрлы жүзіне жарасқан ақ жаулығыңыздан айналдық. Бар дәмді, тәттісін балаларының аузына тосып, қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтыттырмай, мейіріміңізді төге жүріп, күтіп- баптап өсірген ұл-қыздарыңыз өркен жайып, бүгінде бір-бір шаңырақты құрап, өсіп-өнді. Ауырманыз, аман-есен туған-туыс, ұл-қыздарыңызбен немере-жиендеріңіздің ортасында жүзіңізден шуақ кетпей жүре беріңіз. Алла сіздерге күш, қуат берсін!

Әке, бала көңілін қайтармаған,
Қатал мінезіңе бала пейілі марқайған.
Асқар таусың ел сүйсініп қызығар,
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған.

Ана боп, үміт отын жағасың,
Құлыңдарын әлпештеген анасың.
Әкем үшін бәйек болдың күні-түн,
Жүрек пенен жүрек тауып жарасым.

**Ізгі тілекпен: ұлдарың-келіндерің,
қыздарың- күйеу балаларың,
немере- жиендерің.**

Қарауыл ауылының тұрғыны құдамыз **Омаров Қайролла Омарұлы** арайлап атқан мерейлі 70 деген асқар жасыңызбен және құдағиымыз Бақырбаева Гүлбарам Адиева сізді де айтулы 65 жасыңызбен құттықтаймыз. Дендеріңіз сау, ғұмырларыңыз ұзақ, ардақты әке, аяулы ана, туған-туыс, дос-жаранның ортасында аман-есен жүре беріңіздер!

Айтар болсақ екшеп бүгін көп ойды,
Жақсы жанды Алла өзі жебейді.
Алғыс алған ақ пейілді жансыздар,
Құтты болсын, тойларыңыз мерейлі!

Бақыт, дәулет тілейміз бастарыңызға
Қолдаушы қыдыр жүрсін қастарыңызда,
Ешқашан күлкі кетпей жүздеріңізден.
Қосылсын талай жылдар жастарыңызға.

**Ізгі тілекпен: құда-құдағиыңыз Төлеген –Күләш,
Нұржан-Айгерім, Нұрбол, балаларыңыз:
Тілеген-Салтанат,
Жиендеріңіз Аяла**

Өулетіңіз ақылшысы, қамқор әке, немерелеріңіз сүйікті атасы, «Абай елі» апталық газетінің жанашыры, белгілі кәсіпкер **Төлеубек Нұртазин** ағамызды 70 жасқа аяқ басқан мерей тойымен құттықтаймыз.

Әрқашанда жақсылыққа жетелей,
Тынбай тұғын ар борышын өтемей.
Сәуле апай бізге болды анадай,
Ал, сіз аға, қамқоршысыз әкедей.

«Аға» десек ол сөздің де сыры бар,
Әлі жассыз жүрдек жүріп, шынығар.
Бар жұмысты жалғыз жүріп еңсерген,
Жігіттейсіз бөлін бекем буынар.

70 жаста бір сүрініп көрмеген,
Еңбегімен ел алдында ерлеген.
Иман аға, шаттығыңыз көп болсын,
Ұрпағыңның қуанышы тербеген!

**Ізгі тілекпен: «Абай елі»
редакциясының ұжымы.**

Көкбай ауылының тұрғыны, аяулы ана, ардақты жар, ақ халатты абзал жан **Жансейтова Бақыт** құдағиымызды мамыр айының 28 күні толатын 50-жасымен құттықтаймыз. Ерболат құдам екеуіңіз тәрбиелеп өсірген ұлықты ұл мен қылықты қыздарыңыз ел мақтанына, ата- ене қуанышына айналып отыр. Қос қызыңыздан көрген жиен-немерелер екі жұрттың арасына алтын көпір салып, туыстықтың тұғырын биіктете түсуде. Сізді айтулы белесіңізбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, жанұяңызға мол бақыт тілейміз!

Шұға – жанмен жаратып, шырай – көзбен,
Артық қылып тұратын былайғы елден.
Айналайын, құдағи, сізді бізге,
Аяулы ғып шынында құдай берген!

Айналаңыз толған бақ, толған арай,
Туыстықты жүресіз саудаламай.
Жасымыз үлкен болып жатқан соң ба,
Бізге де жүгіресіз қолбаладай.

Біз де әрине бірігіп сыйласамыз,
Бірлікпен алғы күнге жалғасамыз.
Алдада бала- шаға бағын көріп,
Алла берген ғұмырды көп жасаңыз.

**Ізгі тілекпен:құда-құдағиың: Нұрдрахман - Қатира,
балаларыңыз: Думан - Әлия, немереңіз Нұрәли**




Қарауыл ауылының тұрғыны, сыйлы көршіміз **Нұртазин Төлеубек Ахметбекұлы** мамыр айының 25 күні толатын 70 жасымен шын жүректен құттықтаймыз. Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжи берер кемесі.

Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.
Асулардан асуға өрлегенде,
Кез болды қиналған да, терлеген де.

Мерекелі мерейтой құтты болсын,
Жетпіске келген де бар, келмеген де!

Бұл 70 жас – қарттық жас емес,
Қазына жас, Бала мен немеренің назына мас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас.

**Ізгі тілекпен: Баласай- Нағия,
Марат- Гүлнар,
Шыңғыс- Динара,
Болат- Ботағоз,
Нұржан- Гүлжан**



Адам жанының арасашысы, ақ халатты абзал жан, ардақты ана, асыл жар, қызметтес, сыйлас әріптесіміз **Гүлжан Мырзағалиқызы** 50 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрметті Гүлжан Мырзағалиқызы!
Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңіздің жемісін көріп, ұзақ ғұмыр жасап, отағасы екеуіңіз ұрпақ қызығына кенеле беруіңізге тілектеспіз. Өміріңіз қызық-қуанышқа толы болсын.

Құтты болсын 50 деген жасыңыз, Биік-биік асулардан асыңыз.
Мерейіңіз үстем болып әрқашан,
Толықсыған теңіздей болып тасыңыз.

Бір әулеттің шаңырағын шалқытып,
Бақ әкелдің бала күтіп, жар күтіп.

Елге сыйлы мінезіңмен әрқашан,
Әріптестің алдың риза-алғысын.
Жақсылықты жалғастырып тек ісін,
Көре бергін еңбегіңнің жемісін.

Келе берсін тәулік сайын толассыз,
Бақыт, қызық, тамашалар сен үшін!

**Ізгі тілекпен: Ә.Назым,
Ә.Айбек, Б.Раушан, Нұржамал,
Аманкүл, Гуля, Гүлнар, Динара,
Салтанат, Алмагул, Мәркеш,
Баян, Индира, Гүлнұр.**

Қарауыл ауылының тұрғыны, **Сағиев Жасұлан Серіктайұлы** 3 маусым күні 26 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Әке-шешеміздің қуанышы, туған- туыстардың мақтанышы, достарына, әріптестеріңе сыйлы бол!
Ең бастысы денсаулығың мықты болып, алға қойған армандарың орындалсын. Жұмысына мол табыс тілеймін.

Өмір болған соң, қуанышы мен қиындығы бірге жүреді. Өмірдің қуанышына қуанып, қиыншылығына төзе біл.

Жақсы келін, жақсы жар, жақсы ана бола білетін ару кездессін деп тілеймін.

**Тілек білдіруші:
апайың Жаңыл Сағиева**



Жас жүрек жайып саусағын...

Ақбөпенің әні Алматылықтарды тәнті етті

Өнер әлеміне енді ғана бойлап келе жатқан абайлық жас өрен **Ағдариева Ақбөпенің** алғашқы аяқ алысы үлкен сахнадағы тілекші аға буындар да қуантуды. Талапты өреннің бүгінгі жетістігі оның ертеңгі жарқын болашағын аңдататындай.

Ақбөпенің ән әлеміндегі казіргі аяқ алысы көңіл қуантады. Осыдан біраз бұрын ғана Түркия мемлекетіндегі халықаралық ән байқауына барып топ жарып қайтқан болатын. Республикалық, облыстық фестивальдардан еншілеген жүлделері бір төбе. «Тіл көз тасқа» Ақбөпенің бағындырған биіктері еріксіз тамсандырады.

Жақында Алматы қаласында өткен «Самға жұлдыз» республикалық балалар және жасөспірімдер байқауында да өрісті өнерімен тыңдармандарын тәнті етіпті. Бұл өнер сынында бағы мен бабы қатар астақан Ақбөпе Қуатбекқызы 210 қатысушының арасынан суырылып шығып, «эстрада вокал» номинациясы бойынша II - орын жүлдегері атанды.

Кішкентай ғана өнер иесінің талантына тәнті болған белгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова абайлық өренге ерекше ықылас танытып, «сәулелі сахна жолындағы өнерімнің жолын берсін» деген ізгі ниетпен, мойнындағы моншағы мен білезігін, сырғасын Ақбөпеге

тарту ретінде ұсыныпты. Әрине, бұл сыйды елі құрметтеген өнер иесінің өрімдей қыздың талабына тәнті болғандығы, ақ жол тілегендігі деп түйдік. Ақбөпенің бойындағы бақилетін танып, әншілік қырын ұштауда ұстазы Фариза Сахариеваның да еңбегі еселі.

Өреннің байқауға қатысуына қолдау танытқан аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков пен өнер жанашыры Әсет Мырзақасымға Ақбөпенің ата-анасының айтар алғысы зор. Ал, біз өз кезегімізде дарын иесін жүлделі жеңісімен құттықтай отырып, алар асуы, бағындырар белесі көп болсын демекпіз!

«Абай елі» ақпаратты



Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық-саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
Абай ауданы әкімдігі
“Абай елі” ЖШС директор - Бас редакторы
Нұржан БАЙТУСОВ

Редакцияның мекен-жайы:
070100 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс: 9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.
Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01.07.13 жылы тіркеліп, №13720- Г тіркеу куәлігі берілген.

Газет “Спектр” ЖШС баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Шугаев к-сі, 30.
Таралымы 2200 дана.
Тапсырыс № 2 Баспа табак.